# Пайдаланушы нұсқаулығы

WM55R WM65R WM85R

Түсі мен көрінісі өнімге байланысты өзгеруі мүмкін және өнімділікті жақсарту мақсатында нұсқаулықтағы мазмұн алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Осы құрылғыны күніне пайдалануға ұсынылатын уақыт 16 сағаттан аз. Егер құрылғы бір күнде 16 сағаттан артық қолданылса, кепілдік күшін жоюы мүмкін.

Келесі жағдайларда әкімшілік төлемақы алынуы мүмкін:

(а) Техникті үйге шақырсаңыз, бірақ құрылғыдан ешбір ақау табылмаса, (яғни, пайдаланушы нұсқаулығын оқымасаңыз).

(ә) Құрылғыны жөндеу орталығына апарсаңыз, бірақ құрылғыдан ешбір ақау табылмаса, (яғни, пайдаланушы нұсқаулығын оқымасаңыз).

Техник маман үйіңізге келер алдында сіз төлейтін төлемақы мөлшерін хабарлайды.

© Samsung

Бұл нұсқаулыққа қатысты авторлық құқықтар Samsung компаниясына тиесілі. Осы нұсқаулықты Samsung компаниясының рұқсатынсыз бөлшектей немесе толығымен пайдалануға немесе көшіруге болмайды.

Samsung логотипінен басқа сауда белгілер олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

# Мазмұны

## Құрылғыны пайдаланудан бұрын


**Қауіпсіздік шаралары** 4
Сақтау 4
Электр бөлшектері және қауіпсіздік 4
Орнату 5
Пайдалану 6

**Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары** 8


## Дайындықтар


**Компоненттерді тексеру** 9

**Бөліктер** 10
WM55R / WM65R 10
WM85R 11

**Порттар** 12

**Тұғырық** 13
WM55R / WM65R 13
WM85R 14

**Құрылғыны орнатудан бұрын (Орнату нұсқаулығы)** 15
WM55R 15
WM65R 16
WM85R 16

**Қабырға бекіткішін орнату** 17
Қабырға бекіткішін орнату 17
Қабырғаға бекіту жинағының сипаттамалары (VESA) 17

**Желіге қосу** 18
Желі параметрлері (Сымды) 18
Желі параметрлері (Сымсыз) 20
Use WPS 22


## Жазу


**"Тізім" деген не?** 23

**PEN MODE** 24
Экран элементтері 24
Сурет салу 25
Өшіру 25
Қаламның қалыңдығы мен түсін өзгерту 25

**BRUSH MODE** 26
Экран элементтері 26
Қылқалам режимі мен түсін өзгерту 27

**Тізімдерді басқару** 28
ROLL EXPLORER 29

**Бетті қарап шығу құралы** 30

**Жазбаны қосу/өшіру** 31

**Таңдау құралдарын пайдалану** 32


## IMPORT


**Мобильді құрылғыға қосу** 34
Smart View немесе Screen Mirroring арқылы қосу 34
NFC белгісінің көмегімен қосу 34
AirPlay арқылы қосылу 34

**Дербес компьютерге қосу** 35
Кабель арқылы қосу 35
OPS арқылы қосу 36
Wireless Display функциясы арқылы қосу 36

**USB құрылғысынан импорттау** 37

**Интернетке қосылу** 37
INTERNET функциясын пайдаланбас бұрын оқып шығыңыз 38

**SAMSUNG WORKSPACE қызметіне қосылу** 38

**CISCO WEBEX терминалына қосылу** 38

**Бастапқы терезе** 39

**Құжат көрінісі** 40

**Кескін көрінісі** 41

**Видео көрінісі** 42

# Мазмұны

## EXPORT


Электрондық хабар жіберу 44

Басып шығару 45
Flip Printing Software бағдарламасын орнату 45
Принтерді орнату 45

USB құрылғысына экспорттау 47

Экранды ортақ пайдалану 48

Желі дискісінен экспорттау 49

Мобильді құрылғыға жіберу 49


## Мәзірі


Connect 50

System 58

Picture 62

Support 64


## Ақаулықтарды жою нұсқаулығы


Мәселелер мен шешімдер 65


## Техникалық сипаттамалары


Жалпы 70

Алдын ала орнатылған уақыт режимдері 72


## Қосымша


Төлем қызметінің міндеттері (Тұтынушыларға арналған баға) 73
Өнім ақауы емес 73
Өнім зақымдануы тұтынушы қатесі нәтижесінде болса 73
Басқалар 73

Қалдық бейненің экранды қалуын болдырмау 74
Қалдық бейненің экранда қалуы деген не? 74
Ұсынылатын алдын алу шаралары 74

Лицензия 74

# 01-тарау
# Құрылғыны пайдаланудан бұрын

## Қауіпсіздік шаралары

### Ескерту

Егер нұсқаулар орындалмаса, бұл ауыр немесе өлімге әкелетін жарақатқа алып келуі мүмкін.

### Назар аударыңыз

Егер нұсқаулар орындалмаса, бұл жарақат алуға немесе мүліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Бұл белгімен белгіленген әрекеттерді орындауға тыйым салынады.

Бұл белгімен белгіленген нұсқауларды міндетті түрде орындау қажет.

### Сақтау

Қатты жылтырайтын өнімдер сипаттарына байланысты UV дымқылдаушыны пайдалану негізінде өнімде ақ түсті дақтар пайда болуы мүмкін.

- Монитордың ішкі жағын тазалау қажет болса, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз (қызмет көрсету ақысы алынады).

### Электр бөлшектері және қауіпсіздік

#### Ескерту

**Зақымдалған қуат кабелін немесе ашаны немесе бос розетканы пайдаланбаңыз.**

Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

**Бір розеткаға бірнеше құрылғыны қоспаңыз.**

Қызып кеткен розеткалар өртке себеп болуы мүмкін.

**Ашаны ылғал қолмен ұстамаңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.**

**Қуат сымын қатты күш салып бүкпеңіз немесе тартпаңыз. Қуат кабелін ауыр заттың астында қалдырмаңыз.**

Кабель зақымдалса, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Қуат кабелін немесе құрылғыны жылу көздерінің қасына қоймаңыз.**

Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Қуат ашасын берік тұратындай етіп розеткаға толығымен тығыңыз.**

Берік емес байланыс өртке себеп болуы мүмкін.

**Ашаны жерге жалғанған розеткаға (тек 1-түрдегі изоляцияланған құрылғылар) қосыңыз.**

Ток соғуы немесе жарақат алуға алып келуі мүмкін.

**Ашаның ұшындағы немесе розеткадағы шаңды құрғақ шүберекпен тазалаңыз.**

Өрт шығуы мүмкін.

## Назар аударыңыз

**Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде қуат кабелін ажыратпаңыз.**

Ток соғу салдарынан құрылғы зақымдалуы мүмкін.

**Құрылғымен бірге Samsung компаниясынан алынған қуат кабелін ғана пайдаланыңыз. Қуат кабелін басқа құрылғылармен пайдаланбаңыз.**

Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Қуат кабелі қосылған жердегі розетка қол жетімді болуы тиіс.**

Ақау пайда болған кезде құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат кабелін ажырату керек.

**Қуат кабелін розеткадан ажыратқан кезде ашасынан ұстаңыз.**

Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

# Орнату

## Ескерту

**Құрылғының үстіне шырағдан, шыбын-шіркейді үркітетін құрал немесе темекі қоймаңыз. Құрылғыны жылу көздерінің жанына орнатпаңыз.**

Өрт шығуы мүмкін.

**Құрылғыны кітап сөресі немесе қабырға шкафы сияқты нашар желдетілетін жерлерге орнатпаңыз.**

Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.

**Құрылғыны тұрақсыз немесе дірілдейтін бетке орнатпаңыз (берік емес сөре, көлбеу бет, т.б.)**

- Құрылғы құлап кетуі, зақымдалуы және/немесе адамды жарақаттауы мүмкін.
- Құрылғыны қатты дірілдейтін жерде пайдалану құрылғының зақымдануына немесе өртке себеп болуы мүмкін.

**Құрылғыны тікелей күн сәулесіне, ыстыққа немесе пеш сияқты ыстық заттың қасына орнатпаңыз.**

Құрылғының қызмет ету мерзімі азаюы немесе өрт шығуы мүмкін.

**Құрылғыны балалардың қолы жететін жерге орнатпаңыз.**

- Құрылғы құлап кетіп, балаларды жарақаттауы мүмкін.
- Алдыңғы жағы ауыр болғандықтан, құрылғыны тегіс және тұрақты бетке орнатыңыз.

**Соя майы сияқты тағамдық майлар өнімді зақымдауы немесе деформациялауы мүмкін. Өнімді ас үйге немесе ас үй пешінің жанына орнатпаңыз.**

**Қабырғаға бекітетін кронштейнді техникалық маман орнатуы тиіс.**

- Тиісті дайындығы жоқ кісі орнатқан жағдайда жарақат алуға алып келуі мүмкін.
- Тек рұқсат етілген шкафтарды пайдаланыңыз.

**Желдетуді қамтамасыз ету үшін құрылғыны қабырғадан кемінде 10 см қашықтықта орнатыңыз.**

Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.

Пластмасса қалтаны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Балалар тұншығып қалуы мүмкін.

Құрылғыны көліктің ішіне немесе шаң, дымқыл (су тамшылары, т.б.), май немесе түтін болатын жерге орнатпаңыз.

Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

## Назар аударыңыз

Құрылғыны алдыңғы жағын төменге қаратып қоймаңыз.

Экран зақымдалуы мүмкін.

Құрылғыны жылжытқан кезде оны құлатып алмаңыз.

Құрылғының ақауына немесе адам жарақатына себеп болуы мүмкін.

Өнімді ақырындап қойыңыз.

Құрылғының ақауына немесе адам жарақатына себеп болуы мүмкін.

Құрылғыны әдеттен тыс жерге (көп мөлшерде майда бөлшектер, химиялық заттар немесе қалыптыдан тыс температуралы немесе ылғалды орындар немесе өнім ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеген орындарда) орнату оның қалыпты жұмыс істеуіне көп әсер етуі мүмкін.

Егер құрылғыны сондай жерге орнатқыңыз келсе, міндетті түрде Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығымен кеңесіңіз.

# Пайдалану

## Ескерту

Құрылғының ішінде жоғары кернеу болады. Ешқашан құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе өзгертпеңіз.

- Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Жөндеу үшін Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Балалардың құрылғыға асылуына немесе оның үстіне шығуына жол бермеңіз.

Балалар зақымдануы немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.

Егер құрылғы құлап түссе немесе оның сыртқы корпусы зақымдалса, қуат көзін айырып-қосқышты өшіріңіз және қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пайдалануды жалғастырсаңыз, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

Құрылғының үстінде балаларға ұнайтын ауыр заттарды немесе бұйымдарды (ойыншықтар, тәтті заттар, т.б.) қалдырмаңыз.

Балалар ойыншықтарды немесе тәтті заттарды алуға талпынған кезде құрылғы немесе ауыр заттар құлап кетіп, балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.

Құрылғыны қуат сымынан немесе кез келген кабелінен тартып жылжытпаңыз.

Зақымдалған кабельдің себебінен құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Құрылғыны қуат кабелінен немесе кез келген басқа кабелінен тартып көтермеңіз немесе жылжытпаңыз.

Зақымдалған кабельдің себебінен құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Желдеткіш тесіктерді дастарқанның немесе перденің жауып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.

Металл заттарды (таяқшалар, монеталар, шаш түйреуіштер, т.б.) немесе оңай жанатын заттарды (қағаз, сіріңкелер, т.б.) құрылғыға салмаңыз (желдеткіш тесік немесе кіріс/шығыс порттары, т.б. арқылы).

- Құрылғыға су немесе басқа бөгде заттар кіріп кеткен жағдайда міндетті түрде құрылғыны өшіріп, қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

**Ішінде сұйықтық бар ыдыстарды (вазалар, қыш құмыралар, бөтелкелер, т.б.) немесе металл заттарды құрылғының үстіне қоймаңыз.**

- Құрылғыға су немесе басқа бөгде заттар кіріп кеткен жағдайда міндетті түрде құрылғыны өшіріп, қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

**Бұйымды жылжытпас бұрын қуатты өшіріп, қуат кабелін және басқа жалғанған кабельдерді ажыратыңыз.**

Кабель зақымдалса, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Егер құрылғыдан ерекше дыбыстар, күйік иісі немесе түтін шықса, қуат кабелін дереу ажыратып, Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.**

Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

**Найзағай ойнаған кезде бұйымды қуат көзінен ажыратып, кабельді алып тастаңыз.**

Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Құрылғыға заттарды түсіріп алмаңыз немесе оған соққы тигізбеңіз.**

Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Егер газдың шығып тұрғаны белгілі болса, құрылғыны немесе ашаны ұстамаңыз. Сондай-ақ, сол жерді дереу желдетіңіз.**

Ұшқындар жарылысқа немесе өртке алып келуі мүмкін.

**Құрылғының жанында тез тұтанатын сұйықтықты немесе затты пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.**

Жарылыс немесе өрт шығуы мүмкін.

## Назар аударыңыз

**Құрылғының жанында дымқылдауыштарды немесе пештерді пайдаланбаңыз.**

Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Ұзақ уақыт бойы қосулы тұрған экранды қолмен ұстамаңыз, ол ыстық болуы мүмкін.**

**Құрылғының үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.**

Құрылғының ақауына немесе адам жарақатына себеп болуы мүмкін.

**Экран бетінде ұзақ уақыт бойы қалған жылжымайтын сурет қалдық бейненің экранда қалуына немесе ақаулы нүктелерге себеп болуы мүмкін.**

Егер мониторды ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, энергияны үнемдеу режимін немесе жылжымалы суреті бар экран сақтағышты іске қосыңыз.

**Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз (демалыс, т.б.), қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз.**

Шаң жиналса және қызып кеткенде өрт шығуы, ток соғуы немесе ток шығуы мүмкін.

**Құрылғы үшін ұсынылған ажыратымдылық пен жиілікті пайдаланыңыз.**

Көру қабілетіңіз төмендеуі мүмкін.

**Экранға ұзақ уақыт бойы тым жақын жерден қарасаңыз, көру қабілетіңіз төмендеуі мүмкін.**

**Құрылғыны пайдаланған кезде көзіңізді 1 сағат сайын 5 минуттан астам демалдырыңыз.**

Көз талуы жойылады.

**Ұсақ керек-жарақтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.**

# Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

**Егер өніммен бірге берілген қаламды 2,5 кг-дан асатын жүктемемен пайдаланғанда мұқият болыңыз, қорғаныс әйнегінде сызаттар пайда болуы мүмкін.**

**Егер өніммен бірге берілген қаламнан өзге қаламсапты пайдаланатын болсаңыз, мұқият болыңыз, себебі экранға сия жағылып, зақымдалып қалуы мүмкін.**

**Экранды зақымдап алмау үшін лас қылқаламды пайдаланбаңыз.**

- Өніммен бірге берілген қаламды пайдаланғаныңыз жөн. Қаламнан басқа өткір, үшкір нысандарды пайдаланбаңыз.
- Егер қорғаныс әйнегінде өніммен бірге берілген қаламнан шаң немесе дақ қалып қалса, оларды төмендегі нұсқауларға сәйкес тазартыңыз.

## Өнім сыртын және дисплейін тазалау

Дисплей бетін сәл дымқыл, жұмсақ матамен сүртіп, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.



# 02-тарау
# Дайындықтар

## Компоненттерді тексеру

- Егер компонент бөлшектердің бірі жоқ болса, құрылғыны сатып алған сатушыға хабарласыңыз.
- Компоненттердің көрінісі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- WMR тірегі немесе қабырға құрылғысын орнату бойынша нұсқаулықты қараңыз (қосымша сатып алу үшін қолжетімді).



Жылдам орнату нұсқаулығы



Кепілдік картасы

(Кейбір жерлерде қол жетімді емес)



Нормативтік нұсқаулық



Қуат кабелі



USB кабелі

(WM55R, WM65R x 1 / WM85R x 2)



Стилус x 2



Порт қақпағы, бұранда (M4 x L10) x 2

(Қолдау көрсетілген үлгілер: WM55R, WM65R)



Порт кабелі, бұранда (M4 x L10)

(Қолдау көрсетілген үлгілер: WM55R, WM65R)



OPS корпусы, бұранда (M4 x L8) x 4, бұранда (M3 x L6) x 4

(Қолдау көрсетілген үлгілер: WM85R)

# Бөліктер

## WM55R / WM65R







Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| Қорек түймешігі | • Құрылғыны өшіру үшін түймені басып тұрыңыз.<br>Құрылғы өшірулі кезде қуат индикаторы қосулы болады.<br>Құрылғы қосулы кезде қуат индикаторы өшірулі болады.<br>• Жазу режимінде экран қорғағышының режиміне ауысу үшін қуат түймесін тез басыңыз.<br>• PIP экраны Full Screen режимінде болған жағдайда, орнату мәзірін көрсету үшін Қосу батырмасын басыңыз. Жасыру үшін қайта басыңыз. |
|  | • Стилус магнитті болып табылады. Оны белгіленген орынға бекіту арқылы сақтаңыз.<br>A : WM55R, B : WM65R |

# WM85R







Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| Қорек түймешігі | • Құрылғыны өшіру үшін түймені басып тұрыңыз.<br>Құрылғы қосулы кезде қуат индикаторы қосулы болады.<br>Құрылғы өшірулі кезде қуат индикаторы өшірулі болады.<br>• Жазу режимінде экран қорғағышының режиміне ауысу үшін қуат түймесін тез басыңыз.<br>• PIP экраны Full Screen режимінде болған жағдайда, орнату мәзірін көрсету үшін Қосу батырмасын басыңыз. Жасыру үшін қайта басыңыз. |
|  | Стилус магнитті болып табылады. Оны белгіленген орынға бекіту арқылы сақтаңыз. |
| OPS корпусы | Ораммен бірге жеткізілетін OPS корпусын жинаққа қосыңыз және оған стандартты OPS модулін орналастырыңыз. OPS модулін бөлек сатып алуға болады.<br>⚠: OPS модулін орналастырар алдында қуат көзін толығымен ажырату үшін құрылғыдан қуат кабелін алып тастаңыз.<br>OPS жүйесі Intel Open Pluggable Specification сипаттамасына жатады.<br>OPS корпусын орнату қажет болғанда өнімнен бұрын OPS корпусын орнатыңыз.<br>OPS қуат көзі: 19В/3,7А |

# Порттар

WM55R / WM65R




WM85R




Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

| Порттар | Сипаттамасы |
|---|---|
| USB (1.0A) | USB жад құрылғысына қосылыңыз.<br>Өнімдегі USB порттары 1,0 A болатын максималды тұрақты токты қабылдайды. Егер максималды мәннен асып кетсе, USB порттары жұмыс істемеуі мүмкін. |
| LAN | Желіге LAN кабелі арқылы қосады. (10/100 Мбит/с)<br>Жалғауға Cat 7(*STP үлгісі) кабелін пайдаланыңыз.<br>*Shielded Twist Pair. |
| SERVICE | Техникалық мамандарға арналған.<br>Бұл порт тек қызмет көрсетуге арналған және оның ешқандай пайдаланушы функциясы жоқ. Бұл портқа кабель жалғамаңыз. |
| HDMI IN 2 | Бастапқы құрылғыға HDMI кабелі арқылы қосылады.<br>WM55R / WM65R үлгісі ғана. |
| HDMI IN 1 | Бастапқы құрылғыға HDMI кабелі арқылы қосылады. |
| DP IN | Бастапқы көз құрылғысына DP кабелі арқылы қосылады.<br>WM85R үлгісі ғана. |
| TOUCH OUT | HDMI IN 1 немесе HDMI IN 2 порты арқылы қосылған дербес компьютерді сенсор арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Құрылғының артындағы TOUCH OUT порты мен дербес компьютер арасында қосылу үшін жеткізілген USB кабелін пайдаланыңыз. |
| AUDIO OUT | Аудио құрылғыға аудио кабель арқылы дыбыс шығарады. |

# Тұғырық

## WM55R / WM65R




- Науалар бөлек сатылады. Сатып алуға көмектесу үшін жеткізушіге хабарласыңыз.
- Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

| Порттар | Сипаттамасы |
|---|---|
| USB | USB жад құрылғысына қосылыңыз. |
| USB IN<br>USB OUT | Дербес компьютерге USB арқылы қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.<br>1 Құрылғының **USB OUT** порты мен дербес компьютердегі USB портын жалғау үшін USB кабелін олардың арасында пайдаланыңыз.<br>2 USB жад құрылғысын **USB IN** портына енгізіңіз.<br>3 Науаға қосылған USB құрылғысын дербес компьютер арқылы тексеруге болады. |
| TOUCH OUT | **HDMI IN 3** порты арқылы қосылған дербес компьютерді сенсор арқылы басқаруға мүмкіндік береді.<br>Науадағы **TOUCH OUT** порты мен дербес компьютер арасында қосылу үшін жеткізілген USB кабелін пайдаланыңыз. |
| HDMI IN 3 | Сыртқы көзден кірісті көрсетуге арналған HDMI порты. |
| SCREEN SHARE | Сыртқы дисплейге қосылуға арналған HDMI порты. |
|  | • Қосылу үшін мобильді құрылғыны NFC панеліне бекітіңіз.<br>– Жазу режимінде, NFC белгісі мобильді құрылғыда **Smart View** немесе **Screen Mirroring** функцияларын автоматты түрде орындай алады.<br>– Бұл функцияға тек Samsung мобильді құрылғыларының **Android 8.0 Oreo** немесе одан кейінгі нұсқаларында қолдау көрсетіледі.<br>• Электрондық пошта мекенжайын автоматты түрде енгізу үшін, NFC картасын NFC оқу құралына бекітіңіз.<br>– Электрондық хат жасаған кезде, электрондық пошта мекенжайы шифрланған NFC белгісінен оқылған жағдайда автоматты түрде енгізіледі.<br>– NFC картасына электрондық пошта мекенжайын енгізу жолдары туралы "Электрондық хабар жіберу" бөлімінен қараңыз. |

## WM85R







Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

| Порттар | Сипаттамасы |
|---|---|
| EXTERNAL IN<br>(USB 2.0, USB 3.0) | Дербес компьютерге USB арқылы қосылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.<br>1 EXTERNAL OUT (USB 2.0, USB 3.0) құрылғыларын қосылған ДК жалғау үшін USB кабелін пайдаланыңыз.<br>2 USB құрылғысын EXTERNAL IN (USB 2.0, USB 3.0) құрылғысына қосыңыз.<br>3 USB құрылғысы мен ДК арасында байланыс орнатылды. |
| EXTERNAL OUT<br>(USB 2.0, USB 3.0) | |
| USB | USB жад құрылғысына қосылыңыз. |
| TOUCH OUT | HDMI IN 2 порты арқылы қосылған дербес компьютерді сенсор арқылы басқаруға мүмкіндік береді.<br>Науадағы TOUCH OUT порты мен дербес компьютер арасында қосылу үшін жеткізілген USB кабелін пайдаланыңыз. |
| HDMI IN 2 | Сыртқы көзден кірісті көрсетуге арналған HDMI порты. |
| SCREEN SHARE | Сыртқы дисплейге қосылуға арналған HDMI порты. |

# Құрылғыны орнатудан бұрын (Орнату нұсқаулығы)

Бұл құрылғыны қабырғаға орнатуға болады. Ерекше үлгідегі Samsung тіреуіші (WM55R үшін) мен қабырғаға бекіткішін (WM65R үшін) қосымша сатып алуға болады.

Өнімді алдыңғы жағын жоғары қаратып орнатуға және пайдалануға болмайды. Сенсорлық функциялар дұрыс жұмыс істемей қалуы мүмкін.

## WM55R

### Бұру

Қосымша мәліметтер алу үшін Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Құрылғыны альбомдық режимде пайдалану үшін, оны сағат тіліне қарсы бағытта бұрып, бұрғаннан кейін қуат индикаторының оң жақта болуын қадағалаңыз.



### Желдету

Қосымша мәліметтер алу үшін Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

#### Перпендикуляр қабырғаны орнату




A Ең аз 15 мм

B Қоршаған орта температурасы: 35 °C немесе одан аз

Өнімді перпендикуляр қабырғаға орнатқан кезде өнім мен қабырға арасында желдету үшін ең аз 15 мм бос орын қалдырыңыз және қоршаған орта температурасы 35 °C-тан төмен болғанын тексеріңіз.

#### Тегіс емес қабырғаға орнату




A Ең аз 15 мм

B Ең аз 25 мм

C Қоршаған орта температурасы: 35 °C немесе одан аз

Құрылғыны тегіс емес қабырғаға орнатқан кезде құрылғы мен қабырға арасында желдету үшін жоғарыда көрсетілген ең аз бос орын қалдырыңыз және қоршаған ортадағы температура 35 °C-тан төмен болуы қажет.

# WM65R

## Желдету

Қосымша мәліметтер алу үшін Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

### Перпендикуляр қабырғаны орнату

A Ең аз 0 мм

B Қоршаған орта температурасы: 35 °C немесе одан аз




### Тегіс емес қабырғаға орнату

A Ең аз 0 мм

B Ең аз 25 мм

C Қоршаған орта температурасы: 35 °C немесе одан аз

Құрылғыны тегіс емес қабырғаға орнатқан кезде құрылғы мен қабырға арасында желдету үшін жоғарыда көрсетілген ең аз бос орын қалдырыңыз және қоршаған ортадағы температура 35 °C-тан төмен болуы қажет.




# WM85R

## Желдету

Қосымша мәліметтер алу үшін Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

### Перпендикуляр қабырғаны орнату

A Ең аз 15 мм

B Қоршаған орта температурасы: 35 °C немесе одан аз




### Тегіс емес қабырғаға орнату

A Ең аз 15 мм

B Ең аз 25 мм

C Қоршаған орта температурасы: 35 °C немесе одан аз

Құрылғыны тегіс емес қабырғаға орнатқан кезде құрылғы мен қабырға арасында желдету үшін жоғарыда көрсетілген ең аз бос орын қалдырыңыз және қоршаған ортадағы температура 35 °C-тан төмен болуы қажет.



# Қабырға бекіткішін орнату

## Қабырға бекіткішін орнату

- Қабырға бекіткіші жинағы мониторды қабырғаға орнатуға мүмкіндік береді.
- Қабырға бекіткішін орнату туралы толық ақпарат алу үшін қабырға бекіткішімен бірге берілетін нұсқаулықтарды қараңыз.
- Қабырғаға орнатылатын кронштейнді орнату кезінде көмек үшін арнайы маманға хабарласуға кеңес береміз.
- Егер өзіңіздің жеке қабырға бекіткішін орнатуды таңдасаңыз Samsung компаниясы мониторға, сізге және басқаларға келген зақымға жауапты емес.

## Қабырғаға бекіту жинағының сипаттамалары (VESA)

Қабырға бекіткішін еденге перпендикуляр болатын тұтас қабырғаға орнатыңыз.
Өнімді басқа қабырғаға орнату үшін, ең жақын орналасқан агенттікке хабарласыңыз.

Егер мониторды көлбеу қабырғаға орнатсаңыз ол құлап, қатты дене жарақатына әкелуі мүмкін.




- Samsung қабырға бекіткіші жинақтарында толық орнату нұсқаулығы мен орнатуға қажетті барлық бөлшектер бар.
- VESA стандартының бұрандаға қатысты сипаттамаларына сәйкес келмейтін немесе стандартты ұзындықтан ұзын бұрандаларды пайдаланбаңыз. Өте ұзын бұрандалар монитордың ішіне зақым келтіруі мүмкін.
- VESA стандартының бұрандаға қатысты сипаттамаларына сәйкес келмейтін қабырға бекіткіштеріндегі бұрандалардың ұзындығы қабырға бекіткішінің техникалық сипаттамаларына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Бұрандаларды өте қатты тартпаңыз. Бұл мониторды зақымдауы немесе оның құлап кетіп сізге зиян келтіруі мүмкін. Samsung мұндай зақымдарға жауапты емес.
- Samsung корпорациясы мониторға немесе VESA не арнайы емес қабырға бекіткіштері пайдаланылған кезде немесе тұтынушы мониторды орнату нұсқаулықтарын орындамаған жағдайда болған зақымға жауапты емес.
- Өнімді қабырғаға орнатқан кезде кем дегенде екі адам болуы қажет. (82 дюймдік немесе одан да үлкен үлгілер үшін төрт немесе одан да көп адам.)
- Қабырға бекіткіші жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

| Үлгі атауы | VESA бұранда тесігі сипаттамалары (A * B) миллиметрмен берілген | Стандартты бұранда | Саны |
|---|---|---|---|
| WM55R | 400 × 400 | M8 | 4 |
| WM65R | | | |
| WM85R | 600 × 400 | | |

Қабырға бекіткіші жинағын монитор қосулы болғанда орнатпаңыз. Ток соғып зақымдауға әкелуі мүмкін.

# Желіге қосу

✎ Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.

## Желі параметрлері (Сымды)

### Сымды желіге қосылу

Кабельді пайдаланып LAN желісіне қосудың үш жолы бар.

- Бұйымды LAN желісіне LAN кабелін пайдаланып оның артқы жағындағы LAN портын сыртқы модемге қосуыңызға болады. Төмендегі сызбаны қараңыз.




- Бұйымды LAN желісіне оның артқы жағындағы LAN портын сыртқы модемге қосылған IP Sharer құрылғысына қосуыңызға болады. Байланыс үшін LAN кабелін пайдаланыңыз. Төмендегі сызбаны қараңыз.




- Желінің реттелгеніне байланысты мониторды LAN желісіне оның артқы жағындағы LAN портын LAN кабелі арқылы тікелей қабырғадағы розеткаға қосуға мүмкіндігіңіз болады.
  Төмендегі сызбаны қараңыз. Қабырға розеткасының үйіңіздің бір жеріндегі модемге немесе маршрутизаторға бекітілгенін ескеріңіз.




Егер сізде Динамикалық желі болса, ADSL модемін немесе Желінің динамикалық конфигурациясы протоколын (DHCP) қолдайтын маршрутизаторын пайдаланыңыз. DHCP протоколын қолдайтын модемдер мен маршрутизаторлар IP мекенжайын, ішкі желі маскасын, шлюзін және қолмен теруді қажет етпейтін монитордың интернетке кіруіне қажетті DNS мәндерін автоматты түрде береді. Көптеген үй желілері Динамикалық желілер болып табылады.

Кейбір желілер Тұрақты IP мекенжайын талап етеді. Егер желіңіз Тұрақты IP мекенжайын талап етсе, IP мекенжайын, ішкі желі маскасын, шлюзін және желі байланысын реттеген кезде монитордағы кабельді орнату экранында DNS мәндерін енгізуіңіз керек. IP мекенжайын, ішкі желі маскасын, шлюзін және DNS мәндерін алу үшін интернет провайдеріне (ISP) хабарласыңыз.

Егер сізде Windows жүйесі бар компьютер болса, бұл мәндерді компьютермен де алуыңызға болады.

✎ Егер желі Тұрақты IP мекенжайын талап етсе, DHCP протоколын қолдайтын ADSL модемдерін пайдалануыңызға болады.

✎ DHCP протоколын қолдайтын ADSL модемдері де Тұрақты IP мекенжайларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Бағдарламалық жасақтама жаңартуларын орындауға Интернет қызметтерін пайдалану үшін желі қосылымын орнатыңыз.

## Автоматты Open Network Settings (Сымды)

LAN кабелі арқылы желіге қосылыңыз.

Алдымен LAN кабелі қосылғанын тексеріңіз.

### Автоматты түрде орнату әдісі

1 Open Network Settings бетінен Network Type параметрін Wired мәніне орнатыңыз.

2 Желіні тексеру экраны пайда болады және желілік қосылымды тексереді.

Қосылым тексерілгенде, "Success! Your device is connected to the Internet. If you have any problems using online services, please contact your Internet service provider." хабары пайда болады.

- Егер қосылым процесі сәтсіз болса, LAN портының қосылымын тексеріңіз.
- Егер автоматты процесс желілік қосылым мәндерін анықтай алмаса немесе қосылымды қолмен орнату қажет болса, келесі бөлімге (Қолмен басқарылатын ашық желі параметрлері (сымды)) өтіңіз.

## Қолмен реттелетін Open Network Settings (Сымды)

Кеңселерде тұрақты IP мекенжайларын пайдалануға болады.

Орнатқыңыз келсе, әкімшіден IP мекенжайын, ішкі желі бүркенішін, шлюзді және DNS сервер мекенжайын сұраңыз. Мәндерді қолмен енгізіңіз.

### Желілік қосылым мәндерін алу

Желілік қосылым мәндерін көру үшін Windows компьютерлерінің көпшілігінде мына қадамдарды орындаңыз.

1 Экранның төменгі оң жағындағы Желі белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.

2 Пайда болатын қалқымалы мәзірде Күй пәрменін таңдаңыз.

3 Пайда болған диалогтық терезеде **Support** қойындысын басыңыз.

4 **Support** қойындысында **Details** түймешігін басыңыз. Желілік қосылым мәндері көрсетіледі.

### Қолмен орнату әдісі

1 Open Network Settings бетінен Network Type параметрін Wired мәніне орнатыңыз.

2 Желіні тексеру экраны пайда болады және тексеру процесі басталады. Cancel түймесін басыңыз. Тексеру процесі тоқтайды.

3 Желіге қосылу экранында IP Settings параметрін таңдаңыз. IP Settings экраны пайда болады.

4 Жоғарғы жағындағы өрісті таңдап, IP setting параметрін Enter manually параметріне орнатыңыз Енгізу процесін IP Address параметріндегі әрбір өріс үшін қайталаңыз.

- IP setting параметрін Enter manually күйіне орнату DNS setting параметрін Enter manually күйіне автоматты түрде өзгертеді.

5 Дайын болған кезде, беттің төменгі жағындағы OK түймесін таңдаңыз. Желіні тексеру экраны пайда болады және тексеру процесі басталады.

6 Қосылым тексерілгенде, "Success! Your device is connected to the Internet. If you have any problems using online services, please contact your Internet service provider." хабары пайда болады.

# Желі параметрлері (Сымсыз)

## Сымсыз желіге қосылу




Samsung IEEE 802.11n пайдалануға кеңес береді. Желі арқылы бейне ойнатқан кезде бейне анық ойнатылмауы мүмкін.

- Сымсыз IP sharer құрылғысына ағымдағы пайдаланыста жоқ арнаны таңдаңыз. Егер IP sharer құрылғысына белгіленген арна басқа құрылғы арқылы пайдаланылып жатса, бұл кедергі мен байланыстың нашарлауына әкеледі.
- Бұйым мына сымсыз желі қауіпсіздік протоколдарын қолдайды.
  Егер Pure High-throughput (Greenfield) 802.11n режимін таңдасаңыз және AP немесе сымсыз маршрутизаторда шифрлау түрі WEP, TKIP немесе TKIP AES (WPS2Mixed) деп белгіленсе, Samsung өнімдері жаңа Wi-Fi сертификаттау сипаттамаларына сәйкес байланысқа қолдау көрсетпейді.
- Егер сымсыз маршрутизатор WPS (Wi-Fi қорғалған орнату) қолдаса, желіге PBC (Push Button конфигурациясы) немесе PIN (Жеке анықтау нөмірі) арқылы қосылуыңызға болады. WPS автоматты түрде SSID және WPA кілті режимінің біреуін реттейді.
- Байланыс әдістері: Сымсыз желі байланысын үш жолмен орнатуыңызға болады.
  Автоматты түрде орнату (Желіні автоматты түрде іздеу функциясы), қолмен орнату, Use WPS
- Бұл өнімде Enterprise WPA2 (TLS/TTLS/PEAP) протоколдарын қолдануға болады.

## Автоматты желі орнату (Сымсыз)

Көптеген сымсыз желілерде қатынасу немесе қауіпсіздік кілті деп аталатын шифрланған қауіпсіздік кодын жіберу үшін желіге кіретін құрылғыларды талап ететін қосымша қауіпсіздік жүйесі болады. Қауіпсіздік кілті кодтық фразаға негізделген, әдетте сымсыз желі үшін қауіпсіздік орнатқан кезде енгізу үшін сұралған белгілі бір ұзындыққа ие сөз немесе әріптер және сандар қатары. Егер желілік қосылымды орнатудың осы әдісін пайдалансаңыз және сымсыз желі үшін қаіпсіздік кілті бар болса, сізге автоматты немесе қолмен орнату процесі кезінде құпия сөз тіркесімін енгізу керек болады.

### Автоматты түрде орнату әдісі

1 Open Network Settings бетінен Network Type параметрін Wireless мәніне орнатыңыз.

2 Network функциясы қолжетімді сымсыз желілерді іздейді. Аяқтағанда, ол қол жетімді желілердің тізімін көрсетеді.

3 Желілер тізімінде желі таңдаңыз.

- Егер қажетті сымсыз роутер пайда болмаса, қайта іздеу үшін, Refresh түймесін басыңыз.
- Егер әрекетті қайталағаннан кейін де роутер табылмаса, Add Network түймесін таңдаңыз.

4 Егер Enter the password for (AP Name). экраны пайда болса, 5-қадамға өтіңіз. Егер қауіпті сымсыз маршрутизаторды таңдасаңыз, 7-қадамға өтіңіз.

5 Маршрутизаторда қауіпсіздігі болса, Enter the password for (AP Name). (Қауіпсіздік немесе PIN) енгізіңіз.

6 Аяқтағанда Done түймесін басыңыз. Желілік қосылым экраны пайда болады және тексеру процесі басталады.

- Маршрутизатормен байланыс орнатылды, бірақ Интернетке байланыс жоқ. Бұл жағдайда интернет провайдеріне хабарласыңыз.

7 Қосылым тексерілгенде, “Success! Your device is connected to the Internet. If you have any problems using online services, please contact your Internet service provider.” хабары пайда болады.

## Қолмен желі орнату (Сымсыз)

Кеңселерде тұрақты IP мекенжайларын пайдалануға болады.

Орнатқыңыз келсе, әкімшіден IP мекенжайын, ішкі желі бүркенішін, шлюзді және DNS сервер мекенжайын сұраңыз. Мәндерді қолмен енгізіңіз.

### Желілік қосылым мәндерін алу

Желілік қосылым мәндерін көру үшін Windows компьютерлерінің көпшілігінде мына қадамдарды орындаңыз.

1 Экранның төменгі оң жағындағы Желі белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.

2 Пайда болатын қалқымалы мәзірде Күй пәрменін таңдаңыз.

3 Пайда болған диалогтық терезеде **Support** қойындысын басыңыз.

4 **Support** қойындысында **Details** түймешігін басыңыз. Желілік қосылым мәндері көрсетіледі.

### Қолмен орнату әдісі

1 **Open Network Settings** бетінен **Network Type** параметрін **Wireless** мәніне орнатыңыз.

2 **Network** функциясы қолжетімді сымсыз желілерді іздейді. Аяқтағанда, ол қол жетімді желілердің тізімін көрсетеді.

3 Желілер тізімінде желі таңдаңыз.

- Егер қажетті сымсыз роутер пайда болмаса, қайта іздеу үшін, **Refresh** түймесін басыңыз.
- Егер әрекетті қайталағаннан кейін де роутер табылмаса, **Stop** түймесін басыңыз. **Add Network** түймесі пайда болады.

4 Егер **Enter the password for (AP Name).** экраны пайда болса, 5-қадамға өтіңіз. Егер қауіпті сымсыз маршрутизаторды таңдасаңыз, 7-қадамға өтіңіз.

5 Маршрутизаторда қауіпсіздігі болса, **Enter the password for (AP Name).** (Қауіпсіздік немесе PIN) енгізіңіз.

6 Аяқтағанда **Done** түймесін басыңыз. Желілік қосылым экраны пайда болады және тексеру процесі басталады.

7 Желіге қосылу кезінде **Cancel** пәрменін таңдаңыз. Бұл байланысты тоқтатады.

8 Желіге қосылу экранында **IP Settings** параметрін таңдаңыз. **IP Settings** экраны пайда болады.

9 Жоғарғы жағындағы өрісті таңдап, **IP setting** параметрін **Enter manually** параметріне орнатыңыз. Енгізу процесін **IP Address** бөліміндегі әр өріс үшін қайталаңыз.

- **IP setting** параметрін **Enter manually** күйіне орнату **DNS setting** параметрін **Enter manually** күйіне автоматты түрде өзгертеді.

10 Дайын болған кезде, беттің төменгі жағындағы **OK** түймесін таңдаңыз. Желіні тексеру экраны пайда болады және тексеру процесі басталады.

11 Қосылым тексерілгенде, “**Success! Your device is connected to the Internet. If you have any problems using online services, please contact your Internet service provider.**” хабары пайда болады.

# Use WPS

## Use WPS арқылы орнату әдісі

Маршрутизаторда Use WPS түймесі бар болса, мына қадамдарды орындаңыз.

1 Open Network Settings бетінен Network Type параметрін Wireless мәніне орнатыңыз.

2 Use WPS түймесін таңдаңыз.

3 Келесі екі минуттың ішінде сымсыз роутердегі WPS немесе PBC түймесін басыңыз.
Монитор өзіне қажет барлық желі параметрі мәндерін автоматты түрде алып, желіге қосылады.

4 Желілік қосылым экраны пайда болады және желіні орнату аяқталады.

# 03-тарау
# Жазу

## "Тізім" деген не?

- Осы өнімде файлдар "тізімдер" деп аталады. "Тізім" бір-бірімен байланыстырылған бірнеше беттен тұратын файл.
- Тізімде бір-бірімен байланыстырылған 20 бетке дейін болады.
  - BRUSH MODE тек бір бетке қолдау көрсетеді.
- Беттер көлденеңінен альбомдық бағдарда және тігінен кітаптық бағдарда байланысады.

Бір экранда тек бір тізімді аша аласыз. Қосымша ақпаратты "Тізімдерді басқару" бөлімінен қараңыз.

**Портреттік бағдар**




**Альбомдық бағдар**



# PEN MODE

## Экран элементтері




| Түймелер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 IMPORT | Құрылғыға қосылған мобильді құрылғының немесе дербес компьютердің экранын қараңыз немесе кескіндер сияқты деректерді қосылған USB құрылғысынан немесе желі дискісінен импорттаңыз. |
| 2 EXPORT | Жасалған заттарды әртүрлі жолдармен бөлісу. |
| 3 | Тізімдер мен параметрлерді басқару. |
| 4 | Әр бет үшін жасалған тізімдерді жылжыту немесе өңдеу. |
| 5 | Экранда жазу немесе сурет салу үшін түсірілген кескін ретінде сақтауға болатын қабат жасаңыз. |
| 6 | Стилус немесе қылқалам мазмұнын таңдаңыз және өңдеңіз / түсіріңіз / электрондық пошта арқылы жіберіңіз / басып шығарыңыз. |
| 7 / | Соңғы әрекеттен бас тарту немесе қайталау.<br>• Бет қосу, жою және жылжыту сияқты кез келген өңдеу әрекеттері табылса, / бастапқы қалпына қайтарылады.<br>/ функциясын әр жеке тұлға үшін 20 рет орындауға болады. |
| 8 | Ағымдағы тізімді жауып, жаңа тізім жасау. |
| 9 Бетті бөлу сызығы | Беттегі жолдарды қарау. |
| 10 | Беттерді айналдырып қарап шығу. |
| 11 Сырғыту жолы | Беттерді жылжыту үшін, қара аймақты айналдырыңыз. |

## Сурет салу

Өніммен бірге берілген қаламды қалаған нәрсеңізді жазуға пайдалана беруіңізге болады.

- Ұшы жіңішке (A): Қалам түрі
- Ұшы қалың (B): Бөлектегіш түрі




## Өшіру

Жазуды саусағыңызбен немесе алақаныңызбен өшіруіңізге болады.



## Қаламның қалыңдығы мен түсін өзгерту

Қалам түсін қаламмен экранды түртіп тұру арқылы өзгерте аласыз.



# BRUSH MODE

## Экран элементтері




| Түймелер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 IMPORT | Құрылғыға қосылған мобильді құрылғының немесе дербес компьютердің экранын қараңыз немесе кескіндер сияқты деректерді қосылған USB құрылғысынан немесе желі дискісінен импорттаңыз. |
| 2 EXPORT | Жасалған заттарды әртүрлі жолдармен бөлісу. |
| 3 ☰ | Тізімдер мен параметрлерді басқару. |
| 4 ⬚ | Стилус немесе қылқалам мазмұнын таңдаңыз және өңдеңіз / түсіріңіз / электрондық пошта арқылы жіберіңіз / басып шығарыңыз. |
| 5 ↶/↷ | Соңғы әрекеттен бас тарту немесе қайталау.<br>• Бет қосу, жою және жылжыту сияқты кез келген өңдеу әрекеттері табылса, ↶/↷ бастапқы қалпына қайтарылады.<br>↶/↷ функциясын әр жеке тұлға үшін 5 рет орындауға болады. |
| 6 ✕ | Ағымдағы тізімді жауып, жаңа тізім жасау. |

- Экранға жанасу аймағына байланысты қалыңдығы бірден өзгертіледі. (WM55R / WM65R: максималды 3,5 см, WM85R: максималды 5,0 см)
- Қылқаламды пайдаланған дұрыс.
- BRUSH MODE тек кәдімгі сенсорлық енгізуді қолдайды.

# Қылқалам режимі мен түсін өзгерту

1 ☰ → BRUSH MODE тармағына өтіп, WATERCOLOUR және OIL PAINTING режимдерінің арасында таңдаңыз.




2 Экрандағы белгішесін түртіңіз.

3 Түсті өзгерту немесе өңдеу. Орындалатын тапсырмаға байланысты / / арасында таңдаңыз.

Төмендегі экран OIL PAINTING режимі таңдалғанда көрсетіледі.




- : Араластыруды тоқтату үшін түстерді кептіріңіз.
- : Таңдалған нүктеден түсті шығарып алыңыз.
- : Таңдалған аймақты жойыңыз.

# Тізімдерді басқару






| Түймелер | Сипаттамасы |
|---|---|
| NEW | Жаңа тізім жасау үшін қолданылады. |
| SAVE | Ағымдағы тізімді сақтайды. |
| ROLL BROWSER | Сақталған тізімдерді ашады, жояды және экспорттайды. |
| PEN MODE / BRUSH MODE | Режимді таңдаңыз. |
| FORMS | Фондық пішімді өзгертіңіз.<br>Бұл мәзір PEN MODE режимінде ғана қолжетімді. |
| ROLL LOCK / UNLOCK | • ROLL LOCK: Ағымдағы тізімді құлыптау үшін алты таңбадан тұратын құпиясөзді басыңыз.<br>• UNLOCK: Құлыптаулы тізімді құлыптан босату үшін тізімді құлыптаған кезде орнатқан алты таңбадан тұратын құпиясөзді басыңыз.<br>Құлыптан босатылған кезде, ағымдағы тізім қайта құлыпталғанша, ашық қалады. |
| SETTINGS | Конфигурация мәзірін қарай аласыз. |
| HOW TO USE | Пайдалану жолын қарауыңызға болады. |

# ROLL EXPLORER



→ ROLL BROWSER

Тізімдерді "Тізімдер" шолу құралы арқылы ашып, шолыңыз және басқарыңыз.




| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 All | Тізімді қажет режим арқылы қарауға болады.<br>• All / Pen Mode / Brush Mode |
| 2 By name ↔ By date | Файлдардың сұрыптау ретін орнату. |
| 3 Select | Экспорттау немесе жою үшін бірнеше тізімді таңдау. |
| 4 **Файл атауы** | Файл атауын өзгерту. |
| 5 Rolls | Қажетті тізімді шолыңыз және ашыңыз. |

- Құлыпталған тізімді (🔒) ашу үшін, алты таңбадан тұратын құпиясөзді басыңыз.
- Тізімдер жақын арадағы күн бойынша сұрыпталады.

## Тізімдерді жою/экспорттау



→ ROLL BROWSER → Select

Экспорттау немесе жою үшін, бірнеше тізімді таңдауыңызға болады.




| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 Export | Таңдалған тізімдерді қалаған жолмен бөлісіңіз.<br>• Email(@) / USB() / Network Drive() |
| 2 Delete | Таңдалған тізімді жояды. |
| 3 Cancel | Тізімдердегі белгілерді жояды. |

# Бетті қарап шығу құралы



Жасалған тізімдерді әр бетте жылжытуға немесе өңдеуге болады.




Үлгі түріне қарай көрсетілген суреттер әр түрлі мүмкін.

Бұл мәзір **PEN MODE** режимінде ғана қолжетімді.

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 Бет нөмірі | Бет нөмірін көрсетеді. |
| 2 Фокус | Сіз қазір көріп жатқан бетті көрсетеді.<br>• Бетті түрткен кезде, фокус соған қарай жылжиды. |
| 3 | Фокусқа алынған бетті жояды. |
| 4 + | Жаңа бетті фокусқа алынған орынға қосады.<br>Әр тізім үшін 20 бетке дейін жасай аласыз. |

# Жазбаны қосу/өшіру



Жазу немесе сурет салу үшін экранның үстіне қабат қосыңыз. Бұл сыртқы көзден мазмұнға жазба қосу үшін тиімді болуы мүмкін.



Бұл мәзір PEN MODE режимінде ғана қолжетімді.

1 Экранда жаңа жазба қабатын қосу үшін белгішесін түртіңіз.

2 Қабатқа жазба жазыңыз.

3 белгішесін түртіп, жабыңыз.

- Save / Don't Save / Cancel

# Таңдау құралдарын пайдалану



Стилус немесе қылқалам мазмұнын таңдаңыз және өңдеңіз / түсіріңіз / электрондық пошта арқылы жіберіңіз / басып шығарыңыз. Таңдауды жылжыту, бұру немесе өлшемін өзгерту үшін белгішесін пайдаланыңыз.







## Түсіру / электрондық пошта арқылы жіберу / басып шығару

1 Экранның төменгі жағындағы A белгішесін түртіңіз. Экранда таңдау өрісі пайда болады.

- Өлшемді реттеу үшін таңдау өрісінің B нүктесін сүйреңіз.

2 Аймақты және / @ / опцияларының бірін таңдаңыз.

- Электрондық поштаны немесе басып шығару опциясын пайдалану үшін құрылғы желіге қосылған болуы керек.

## Стилус пен қылқалам мазмұнын өңдеу

- Өзгерістер тек стилус пен қылқалам мазмұнына ғана қолданылады.

1 Экранның төменгі жағындағы A белгішесін түртіңіз. Экранда таңдау өрісі пайда болады.

- Өлшемді реттеу үшін таңдау өрісінің B нүктесін сүйреңіз.

2 Таңдалған аймақ үшін өңдеуді қосу мақсатында белгішесін түртіңіз.

3 Таңдалған аймақты жылжытыңыз, бұрыңыз немесе өлшемін өзгертіңіз де, белгішесін түртіңіз.

- Өзгерістерді тоқтату үшін белгішесін түртіңіз.

# 04-тарау
# IMPORT

Құрылғыға қосылған мобильді құрылғының немесе дербес компьютердің экранын көруге немесе кескіндер сияқты деректерді қосылған USB немесе желі дискісінен импорттауға болады.

- Қалаулы құрылғыны таңдау үшін, экранның жоғарғы жағындағы IMPORT пәрменін түртіңіз.




| Белгішелер | Сипаттамасы |
|---|---|
|  | Мобильді құрылғы экранын Smart View немесе Screen Mirroring функциясының көмегімен көрсету. |
|  | HDMI, DP (Қолдау көрсетілген үлгілер: WM85R), OPS (Қолдау көрсетілген үлгілер: WM85R) қосылымы немесе Wireless Display арқылы импортталған ДК экранын көрсету. |
|  | Видео, кескіндерді, түпнұсқа FLIP файлдарын немесе құжат файлдарын USB құрылғысынан импорттау. |
|  | Интернетке қосылу үшін интернетке компьютерден қосылғандай желіге жалғаңыз. |
|  | Осы функция арқылы қашықтағы дербес компьютерге және жұмыс ресурстарына қол жеткізу. |
|  | CISCO WebEx Room Kit Mini терминалын алғаш рет қосқан кезде белгішені құру үшін IMPORT → PC → HDMI тармағын таңдаңыз. Белгішені түрткен кезде, ол CISCO WebEx режиміне ауысады. |

- Түпнұсқа FLIP пішімі (.iwb) құрылғыдан тікелей сақталатын және тек FLIP құрылғылары арқылы қолдау көрсетілетін файлдарды білдіреді.
- Қолдау көрсетілетін видео файлының пішімдері: avi, mkv, asf, wmv, .mp4, mov, 3gp, vro, mpg, mpeg, ts, tp, trp, flv, vob, svi, m2ts, mts, .webm, .rmvb
- Қолдау көрсетілетін кескін файлының пішімдері: JPG, BMP, PNG, MPO
- Қолдау көрсетілетін құжат файлының пішімдері: DOC, PPT, PDF, XLS, XLSX

# Мобильді құрылғыға қосу

IMPORT → MOBILE

## Smart View немесе Screen Mirroring арқылы қосу




1 **Smart View** немесе **Screen Mirroring** функциясын іске қосу үшін мобильді құрылғы экранындағы жоғарғы панельді төмен сүйреңіз.

2 Экранда көрсетілген құрылғылар тізімінен осы өнімді таңдаңыз.

– Бастапқы құрылғы атауы — [FLIP] Samsung WMR Series.

Мобильді құрылғыны өнім экранынан басқаруға болады.

Егер **PIP Capture** функциясы **On** күйіне орнатылған болса, HDCP (High-bandwidth Digital Content Protection) мазмұндары экранда көрсетілмейді.

## NFC белгісінің көмегімен қосу

WM55R / WM65R үлгісі ғана.

Бұл мүмкіндік тек құрылғы нацамен (бөлек сатылады) жабдықталған жағдайда ғана қолжетімді болады.

Бұл функцияға тек Samsung мобильді құрылғыларының **Android 8.0 Oreo** немесе одан кейінгі нұсқаларында қолдау көрсетіледі.

Жазу режимінде, NFC белгісі мобильді құрылғыда **Smart View** немесе **Screen Mirroring** функцияларын автоматты түрде орындай алады.



1 Қолдау көрсетілетін мобильді құрылғыдағы **NFC** мүмкіндігін іске қосыңыз.

2 Мобильді құрылғыны **NFC** аспасына белгілеңіз.

Мобильді құрылғыны өнім экранынан басқаруға болады.

## AirPlay арқылы қосылу

Сіз Mac немесе iOS құрылғыларыңыздан FLIP-ке бейнелерді жіберу үшін AirPlay қолданбасын қолдана аласыз.

Бастау үшін құрылғыдағы Wi-Fi және Bluetooth байланысын қосып, AirPlay ішіндегі FLIP мәзірін таңдаңыз.

Егер FLIP мәзір пункті пайда болмаса, екі құрылғының да бір желіге қосылғандығын тексеріңіз.

Бастапқы құрылғы атауы — [FLIP] Samsung WMR Series.

# Дербес компьютерге қосу

IMPORT → PC

## WM55R / WM65R




HDMI 3 порты құрылғы науамен (бөлек сатылады) жабдықталған жағдайда қолжетімді болады.

## WM85R




## Кабель арқылы қосу

Қосылатын бөліктер үлгіге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

1 Құрылғыны HDMI, DP (Қолдау көрсетілген үлгілер: WM85R) кабелі арқылы дербес компьютерге қосыңыз.

Егер PIP Capture функциясы On күйіне орнатылған болса, HDCP мазмұндары экранда көрсетілмейді.

Экран қара болған кезде, PIP Capture функциясын өшіріңіз, себебі кейбір графикалық карталар HDCP кабеліне автоматты түрде қолдау көрсете алады.

HDMI IN



DP IN (Қолдау көрсетілген үлгілер: WM85R)



2 Экранның жоғарғы жағынан IMPORT → PC → HDMI, DisplayPort (Қолдау көрсетілген үлгілер: WM85R) таңдаңыз.

3 Дербес компьютерді құрылғы экранынан басқару үшін, берілген USB кабелін құрылғыдағы TOUCH OUT портына жалғаңыз.

Егер көп экранды параметрде пайдаланылса, FLIP дисплейін негізгі дисплей ретінде конфигурациялағаныңызға көз жеткізіңіз.

TOUCH OUT



## OPS арқылы қосу

✎ WM85R үлгісі ғана.




**Windows** операциялық жүйесінің бастапқы OPS параметрлері кезінде сенсорлы экран дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Бастапқы параметрлер кезінде пайдалану үшін тінтуір мен пернетақтаны OPS модуліне қосыңыз.

## Wireless Display функциясы арқылы қосу

✎ Бұл функция тек **Wireless Display** функциясына қолдау көрсететін дербес компьютер үшін қолжетімді.




1 Дербес компьютердің тапсырмалар тақтасының хабарландыру аймағында. **Әрекет орталығы** немесе **Құрылғылар** опциясын таңдаңыз.

2 Қосылымды аяқтау үшін **Қосылу** немесе **Жоба** түймесін басып, **[Flip] Samsung WMR Series** құрылғысын таңдаңыз.

✎ Қосылым процедурасы дербес компьютерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

✎ **Wireless Display** қосылғаннан кейін, дербес компьютер экранын құрылғы экранынан басқаруға болады.

✎ Бұл функцияға тек **Windows 10** жүйесінде қолдау көрсетіледі.

# USB құрылғысынан импорттау

IMPORT → USB




Сыртқы HDD немесе USB жад құрылғысын қосыңыз.

Видео, кескіндерді, түпнұсқа FLIP файлдарын (.iwb) немесе құжат файлдарын импорттау.

# Интернетке қосылу

IMPORT → INTERNET

Интернетке қосылу үшін интернетке компьютерден қосылғандай желіге жалғаңыз.

Браузер терезесін суретке түсіру, орнын ауыстыру немесе толық экранды режимде көру.

Үйлесімділік мәселелеріне байланысты белгілі бір бет көрсетілмеуі немесе жұмыс істемеуі мүмкін.

## INTERNET функциясын пайдаланбас бұрын оқып шығыңыз

Бұл ақпаратты INTERNET функциясын пайдалану алдында оқыңыз.

- Файл жүктеуге қолдау көрсетілмейді.
- INTERNET функциясы белгілі бір веб-сайттарға, оның ішінде белгілі бір компаниялар басқаратын веб-сайттарға кіре алмауы мүмкін.
- Өнім флэш бейнелерін ойнатуға қолдау көрсетпейді.
- Интернеттен тауар сатып алуға арналған эл. коммерцияға қолдау көрсетілмейді.
- ActiveX-ке қолдау көрсетілмейді.
- Таңбалардың шектеулі санына ғана қолдау көрсетіледі. Кей белгілер мен қаріптер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Веб-бет жүктеліп жатқанда, қашықтан берілетін пәрмендердің экрандағы жауабы кешігіп көрсетілуі мүмкін.
- Веб-бетті жүктеу үдеріске қатысушы жүйелердің қалып-күйіне байланысты кешігуі немесе мүлдем тоқтатылуы мүмкін.
- Көшіру және қою функцияларына қолдау көрсетілмейді.
- Эл. хабар немесе қарапайым хат жазып жатқанда, таңба өлшемін және түсін таңдау тәрізді кей функциялар жұмыс істемеуі мүмкін.
- Белгі салу санына және сақтауға болатын журнал файлының өлшеміне қатысты шектеу қойылуы мүмкін.
- Бір мезгілде ашуға болатын терезелер саны шектеулі.
- Веб-сайтты шолу жылдамдығы желінің күйіне байланысты әр түрлі болады.
- Шолу журналындағы деректер соңғысынан бастап, ең ескісіне дейінгі ретпен сақталады және жаңа жазба әуелі ең ескі жазбаның үстіне жазылады.
- Қолдау көрсетілетін видео/аудио кодектерге байланысты кейбір HTML5 видео және аудио файлдарды ойната алмауыңыз мүмкін.
- Компьютерге оңтайландырылған ағындық қызмет жеткізушілері біздің меншікті INTERNET браузерімізде дұрыс ойналмауы мүмкін.

# SAMSUNG WORKSPACE қызметіне қосылу

IMPORT → SAMSUNG WORKSPACE

Осы функция арқылы қашықтағы дербес компьютерге және жұмыс ресурстарына қол жеткізу.

- REMOTE PC: Бұл функция өніміңізді қашықтағы компьютер немесе бұлт серверімен байланыстыруға мүмкіндік береді.
  - Тек MacOS/Windows 7 Pro немесе одан жаңа нұсқаларында іске қосылатын компьютерлерге немесе бұлт серверлеріне қолдау көрсетіледі.
- NETWORK DRIVE: Файлдарды алу үшін, желілік дискті қосыңыз.
  - Желі қосылған кезде желі дискісін тіркеуге болады.
    Желіге қосылу жолдары туралы толығырақ ақпаратты "Желіге қосу" бөлімінен қараңыз.
  - Желі дискісінің тіркелгісін ☰ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Network Drive → Add Account пәрмені арқылы тіркей аласыз.
    Желі дискісінің тіркелгісін тіркеу үшін Address, Username және Password енгізуіңіз керек.
    Желілік диск тіркелгісін тіркеу үшін, Network Drive үшін "Add Account" бөлімін қараңыз.
  - Видео, кескіндерді, түпнұсқа FLIP файлдарын (.iwb) немесе құжат файлдарын импорттау.
- Office 365: Microsoft корпорациясынан Office 365 мүмкіндіктеріне кіруге мүмкіндік береді.
- VMware Horizon: VMware инфрақұрылымы үшін өкілеттігі бар корпоративтік клиенттер VMware Horizon қызметіне кіре алады.

# CISCO WEBEX терминалына қосылу

CISCO WebEx Room Kit Mini терминалы қосылған кезде, CISCO WEBEX белгішесі IMPORT экранында пайда болады.

CISCO WebEx режимі әрдайым толық экранды режимде іске қосылады және тек CISCO WebEx функциясына қолдау көрсетеді.

CISCO WebEx режимінде Айналдыру белгішесін пайдалану арқылы экранды айналдыру режиміне ауысуға болады.

- Алайда орнату алғаш рет орындалған жағдайда, оны IMPORT → PC → HDMI арқылы қосыңыз.

# Бастапқы терезе




✎ Қолжетімді функциялар PIP параметріне байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Құрылғыға дербес компьютерді немесе мобильді құрылғыны қосқан кезде, бастапқы терезе пайда болады.

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 Мәзір жолағы | Бастапқы терезені қалаған орныңызға сүйреп апарыңыз. |
| 2 Құрылғы атауы | Жалғанған құрылғының атауын көрсетеді. |
| 3 | Дыбыс деңгейін реттеңіз. |
| 4 | Енгізу экранының көрсетілуін кідірту. |
| 5 | Бастапқы терезені түсіреді.<br>✎ Бұл мүмкіндік **PIP Capture** функциясы **Off** күйіне орнатылған кезде қолжетімді болмайды. |
| 6 | Бастапқы терезені бұрады.<br>✎ Бұл функцияға тек Samsung мобильді құрылғыларының Android 8.0 Oreo немесе одан кейінгі нұсқаларында қолдау көрсетіледі. |
| 7 | Енгізу экранының орнын өзгертіңіз немесе оны толық экран режимінде көріңіз.<br>• / / / /<br>✎ Өнім портреттік бағдарда болған кезде, толық экран режиміне Samsung мобильді құрылғыларындағы тек Android 8.0 Oreo немесе одан кейінгі нұсқасында ғана қолдау көрсетіледі.<br>✎ Келесі белгіше кескіндері тек күйді анықтауға арналған. Экран өлшемі көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. |
| 8 | Қарау құралын жабады. |
| 9 | Бастапқы терезе өлшемін реттейді. |

# Құжат көрінісі




USB құрылғысынан немесе желі дискісінен импорттау үшін таңдалған құжат файлын көрсетеді.

Қолдау көрсетілетін құжат файлының пішімдері: DOC, PPT, PDF, XLS, XLSX

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 **Мәзір жолағы** | Қарау құралын жылжыту үшін мәзір жолағын сүйреңіз. |
| 2 **Файл атауы** | Ағымда қаралып жатқан файл атауы. |
| 3 | Дыбыс деңгейін реттеңіз. |
| 4 | Экранды қарау құралын түсіреді. |
| 5 | Енгізу экранының орнын өзгертіңіз немесе оны толық экран режимінде көріңіз.<br>• / / / / |
| 6 | Қарау құралын жабады. |
| 7 « / ‹ / › / » | Беттер арасында жылжу үшін « / ‹ / › / » түймесін басыңыз. |
| 8 | Қарау құралының өлшемін реттеңіз. |

Қолжетімді функциялар PIP параметріне байланысты өзгешеленуі мүмкін.

# Кескін көрінісі




USB құрылғысынан немесе желілік дискіден импорттау үшін файл таңдаңыз.

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 Мәзір жолағы | Қарау құралын жылжыту үшін мәзір жолағын сүйреңіз. |
| 2 Файл атауы | Ағымда қаралып жатқан файл атауы. |
| 3 | Кескінді көру құралының экранын түсіру. |
| 4 | Кескінді тізімге қою үшін белгішесін түртіңіз. |
| 5 | Кескінді айналдырыңыз. |
| 6 | Енгізу экранының орнын өзгертіңіз немесе оны толық экран режимінде көріңіз.<br>• / / / / |
| 7 | Қарау құралын жабады. |
| 8 | Қарау құралының өлшемін реттеңіз. |

Қолжетімді функциялар PIP параметріне байланысты өзгешеленуі мүмкін.

# Видео көрінісі

USB немесе желі құрылғысынан импорттау үшін видео файлын таңдау және көрсету.

Қолдау көрсетілетін видео файлының пішімдері: avi, mkv, asf, wmv, .mp4, mov, 3gp, vro, mpg, mpeg, ts, tp, trp, flv, vob, svi, m2ts, mts, .webm, .rmvb




Қолжетімді функциялар PIP параметріне байланысты өзгешеленуі мүмкін.

| Бөліктер | | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | Мәзір жолағы | Қарау құралын жылжыту үшін мәзір жолағын сүйреңіз. |
| 2 | Файл атауы | Ағымда қаралып жатқан файл атауы. |
| 3 | | Дыбыс деңгейін реттеңіз. |
| 4 | | Видео экранын айналдыру. |
| 5 | | Енгізу экранының орнын өзгертіңіз немесе оны толық экран режимінде көріңіз.<br>• / / / / |
| 6 | | Қарау құралын жабады. |
| 7 | | Видеоны ойнату немесе кідірту. |
| 8 | Ойнату жүгірісі және уақыт мәліметтері | Видеоны шарлау және файл туралы уақыт мәліметтерін қарап шығу. |
| 9 | | Қарау құралының өлшемін реттеңіз. |

# 05-тарау
# EXPORT

Жасалған тізімдерді әртүрлі жолдармен экспорттауға болады.




| Белгішелер | Сипаттамасы |
|---|---|
|  | Құрған тізімдеріңізді электрондық пошта арқылы жіберіңіз. |
|  | Құрған тізімдеріңізді басып шығарыңыз. |
|  | Құрған тізімдеріңізді қосулы USB құрылғысына экспорттаңыз. |
|  | Экранды таңдалған құрылғылар арқылы ортақ пайдаланыңыз. |
|  | Жасалған тізімдерді тіркеулі және қосулы желі дискісіне экспорттау. |
|  | Тізімді мобильді құрылғыға жіберу. |

# Электрондық хабар жіберу

EXPORT → EMAIL




Құрған тізімдеріңізді электрондық пошта арқылы жіберу үшін, алдымен, электрондық пошта тіркелгіңізді тіркеңіз.

- Электрондық пошта тіркелгісін ☰ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Email пәрмені арқылы тіркей аласыз.
- Егер сіз Personal Account немесе Personal (LDAP) Account Sender Authentication-ге ☰ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Email арқылы орнатқан болсаңыз, электрондық пошта жіберген сайын тіркелгіңіздің аутентификациясын орындауыңыз керек. Төмендегі ақпаратты қараңыз.
  - Егер сол пошта серверінде тіркелгіңіз (SMTP Server Name және SMTP Port Number) болса, Sender Authentication параметрі Personal Account күйіне орнатылған кезде электрондық хаттарды жібере аласыз.

    Жіберуші SMTP тіркелгісінің идентификаторы мен құпиясөзді, сондай-ақ әрбір электрондық пошта хабары үшін жіберуші мекенжайын беруі қажет екендігін ескеріңіз.
  - Егер Sender Authentication параметрін Default Account опциясына орнатсаңыз, электрондық хаттарды жіберу үшін Default Account күйінде сақтаған SMTP идентификаторы мен құпиясөзді пайдалануға болады. (Жіберуші мекенжайы әдетте SMTP серверіне байланысты кейбір ерекшеліктерімен SMTP идентификаторына ұқсас болып келеді.)
  - Пошта серверін тіркеу үшін талап етілетін SMTP ақпаратын алу үшін, пошта серверінің әкімшісіне хабарласыңыз.
  - Егер Sender Authentication Personal (LDAP) Account-на орнатылған болса, LDAP тіркелгісіндегідей есептік жазба мен парольді қолданыңыз.
- Мақсатты файлдар ретінде сақталған файлдар PDF пішіміне түрлендіріліп, жіберіледі.

| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 To | Алушының электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз.<br>• + түймешігін басып, виртуалды пернетақта арқылы мәтінді теріңіз.<br>Қолмен мәтін жазу үшін вируталды пернетақтада түймесін басыңыз.<br>Local Address Book немесе LDAP серверінде қабылдаушыны іздеңіз.<br>NFC картасын немесе ақпаратты қамтитын жапсырманы белгілеу арқылы мекенжайды автоматты түрде енгізу үшін құрылғыны науамен (бөлек сатылады) жабдықтаңыз.<br>– WM55R / WM65R үлгісі ғана.<br>– : NFC картасын белгілейтін жерді сипаттайды.<br>– Мобильді құрылғыдағы немесе дербес компьютердегі, т.б. NFC Writing App бағдарламасын пайдаланып, NDEF Standard <Text> Record Type параметрі бар электрондық пошта мекенжайын нарықта сатылатын NFC Forum Type 2 Card картасына тіркеңіз. |
| 2 Subject | Электрондық пошта тақырыбы автоматты түрде құрылғы атауы мен ағымдағы уақытқа орнатылады. |
| 3 Send | Электрондық хат жіберу. |
| 4 / | Жіберілетін тізімнің бетін көрсету режимін өзгерту. |
| 5 | Жіберілетін беттерді таңдау. |

# Басып шығару

Басып шығару үшін, Print Server және Clock Set параметрлерін орнатыңыз.

Print Server параметрін реттеу үшін, өнім мен принтерді және компьютерді бір желіге қосу қажет.

Flip Printing Software қосылған компьютерге орнатылуы тиіс.

- Желіге қосылу жолдары туралы толығырақ ақпаратты "Желіге қосу" бөлімінен қараңыз.
- Print Server параметрін ☰ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Print Server тармағы бойынша өтіп, реттей аласыз.
- Clock Set параметрін ☰ → SETTINGS → System → Time → Clock Set тармағы бойынша өтіп, реттей аласыз.
- Flip Printing Software бағдарламалық жасақтамасын веб-сайттан алуға болады
  – http://displaysolutions.samsung.com
  – http://www.samsung.com
- Виртуалды принтерлерді (PDF, XPS, One note және т.б.) немесе факс құрылғылары сияқты файлдарды тасымалдайтын құрылғыларға қолдау көрсетілмейді, бірақ тек нақты қағазды басып шығаратын принтерлерге қолдау көрсетіледі.
- Басып шығару үшін тек A4 өлшеміне қолдау көрсетіледі.

## Flip Printing Software бағдарламасын орнату

Flip Printing Software орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Орнатуға шамамен 10 минут кетеді және кеткен уақыт компьютерге байланысты өзгеруі мүмкін.

### Орнату үшін компьютерге қойылатын талаптар

- Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер:
  Windows 7(32/64 биттік), Windows 10(32/64 биттік), MAC
  - Бағдарламалық жасақтаманы орнату кезінде, Windows жүйесіне арналған маңызды жаңартулардың орнатылғанына көз жеткізіңіз. Орнату жұмысын бастамас бұрын Windows жүйесін соңғы нұсқаға жаңартыңыз.
  - Windows 7 жүйесі үшін **1-жаңарту бумасы** орнатылғандығына көз жеткізіңіз.

## Принтерді орнату

Flip Printing Software бағдарламасы орнатылған соң, өнімнің экранындағы мәзірден келесі параметрлерді орындаңыз.

### Автоматты түрде орнату

1 ☰ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings мәзірін таңдаңыз.

2 Print Server → Connect to Server → Auto таңдаңыз.

### Қолмен орнату

1 ☰ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings мәзірін таңдаңыз.

2 Print Server → Connect to Server → Manualопциясын таңдап, Flip Printing Software орнатылған компьютердің Server IP мекенжайын енгізіңіз.

## EXPORT → PRINT




| Бөліктер | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1 Printer | Қосылған принтерлер тізімін көрсетеді. Тізімді басып шығару үшін, принтерді таңдаңыз. |
| 2 Copies | Басып шығару көшірмелерінің санын көрсетіңіз. |
| 3 Басып шығару нұсқасын алдын ала қарау аймағы | Басып шығарылатын тізімді алдын ала қараңыз. |
| 4 Print | Басып шығаруды бастаңыз. |
| 5 Colour Mode | Тізімнің басып шығарылатын түсін таңдаңыз. |
| 6  | Басып шығарылатын тізімнің бетін көрсету режимін өзгерту үшін қолданылады. |
| 7  | Басып шығарылатын беттерді таңдау үшін қолданылады. |

# USB құрылғысына экспорттау

EXPORT → USB




Сыртқы HDD немесе USB жад құрылғысын қосыңыз.

Құрылғы файлдарды екі нұсқада сақтайды(IWB және PDF пішімдері).

# Экранды ортақ пайдалану

EXPORT → SCREEN SHARE




Экранды таңдалған құрылғылар арқылы ортақ пайдаланыңыз.

## HDMI кабельдері арқылы қосылу

1 SCREEN SHARE портын сыртқы дисплейге қосу үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.

2 Экранның жоғарғы жағынан EXPORT → SCREEN SHARE → Wired тармағын таңдаңыз.

- WM55R / WM65R: Егер дербес компьютер науадағы (бөлек сатылады) HDMI IN 3 портына параметрлері реттелмей қосылатын болса, оның орнына дисплейде дербес компьютер экраны ортақ пайдаланылады.
- WM85R: Егер дербес компьютер науадағы HDMI IN 2 портына параметрлері реттелмей қосылатын болса, оның орнына дисплейде дербес компьютер экраны ортақ пайдаланылады.

3 Экран дисплейде ортақ пайдаланылады.

- Бұл опция тек UHD (50 Гц / 60 Гц) және FHD (50 Гц / 60 Гц) маркаларына қолдау көрсетеді.
  - Кейбір құрылғыларда қосылған сыртқы дисплейге байланысты 50 Гц ажыратымдылыққа қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Экран алғаш рет қосқанда немесе WMR құрылғысында немесе бастапқы көз күйінде өзгеріс болған кезде бір немесе екі рет жыпылықтауы мүмкін.
- Қандай да бір құрылғы жұмыс істемеген кезде, SCREEN SHARE портына арналған экран ажыратымдылығын өзгертіңіз. (☰ → SETTINGS → Picture → Screen Share (Wired) Resolution)
- Егер UHD немесе FHD1 шығысы үйлесімділікке байланысты сыртқы құрылғы үшін қол жетімді болмаса, Screen Share (Wired) Resolution-ді FHD2 етіп орнатыңыз.
- HDMI кабельдерінің көмегімен SCREEN SHARE байланысы Samsung дисплейіне тікелей қосылу үшін оңтайландырылған.

## Сымсыз қосылу

Экранды ортақ пайдалану үшін экранның жоғарғы жағынан EXPORT → SCREEN SHARE → Wireless тармағын, содан кейін құрылғыны таңдаңыз.

- SCREEN SHARE мүмкіндігі альбомдық бағдардағы FLIP файлын пайдаланған кезде жақсы жұмыс істейді.
- SCREEN SHARE көмегімен ортақ экранды жобалау үшін құрылғылар Screen Mirroring қабылдауды қолдауы керек.

| Түймелер | Сипаттамасы |
|---|---|
| Change Device | Экранды ортақ пайдалану үшін құрылғыларды өзгертеді. |
| Disconnect | Ортақ пайдалануды тоқтатады. |

## Apple AirPlay арқылы қалай қосылуға болады

- Бұл талаптар мен шарттармен келіскен жағдайда ғана қол жетімді.

FLIP және iPhone, iPad немесе Mac-ты бірдей AP-ға қосыңыз.

# Желі дискісінен экспорттау

EXPORT → NETWORK DRIVE




Файлдарды сақтау үшін, желілік дискті қосыңыз.

- Желі қосылған кезде желі дискісін тіркеуге болады.
  Желіге қосылу жолдары туралы толығырақ ақпаратты "Желіге қосу" бөлімінен қараңыз.
- Желі дискісінің тіркелгісін ⊜ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Network Drive → Add Account пәрмені арқылы тіркей аласыз.
  Желі дискісінің тіркелгісін тіркеу үшін Address, Username және Password енгізуіңіз керек.
  Желілік диск тіркелгісін тіркеу үшін, Network Drive үшін "Add Account" бөлімін қараңыз.
- Құрылғы файлдарды екі нұсқада сақтайды(IWB және PDF пішімдері).

# Мобильді құрылғыға жіберу

EXPORT → MOBILE

Мобильді құрылғыдан құрылғы экранын қараңыз.

- Ортақ пайдалану қазіргі уақытта тек тізімдер үшін қолжетімді.

Мобильді құрылғыға Samba клиенттік қолданбасын жүктеп алып, құрылғы экранында табуға болатын келесі ақпаратты енгізіңіз.

- Wi-Fi Name, Wi-Fi Password, Server IP address

# 06-тарау
# Мәзірі

☰ → SETTINGS

## Connect

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Network | | Құрылғыңыздың желісін реттеңіз. |
| | Network Status | Ағымдағы желі мен интернет күйін қараңыз. |
| | Open Network Settings | Қолжетімді желіге қосылу үшін, желі параметрлерін реттеңіз. |
| | Reset Network | Желі параметрлерін зауыттық әдепкі мәндеріне қалпына келтіріңіз. |
| External Device Manager | Input Device Manager | Signage дисплеймен пайдалану үшін пернетақталар орнатады. Пернетақталар қосып, олардың параметрлерін конфигурациялауға болады.<br>• Bluetooth Device List<br>• Keyboard Settings<br>• Mouse Settings |
| | Device Connect Manager | Желідегі смартфондар мен планшеттер сияқты құрылғыларға мазмұнды Signage дисплеймен ортақ пайдалануға мүмкіндік береді.<br>• Access Notification<br>• Device List |
| | Anynet+(HDMI-CEC) | Anynet+ (HDMI-CEC) іске қосады немесе ажыратады<br>• Өшірулі ( ) / қосулы ( ) |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
| --- | --- | --- |
| Apple AirPlay Settings | | iPhone, iPad немесе Mac-тан FLIP экранына мазмұн жіберу үшін Apple AirPlay қолданбасын пайдаланыңыз.<br>FLIP және iPhone, iPad немесе Mac-ты бірдей AP-ға қосыңыз және қолданар алдында талаптар мен шарттармен келісіңіз. |
| Advanced Settings | Email | Электрондық пошта тіркелгісін электрондық хабарлар жіберілетіндей етіп реттеңіз.<br>• SMTP Server Name: SMTP серверінің мекенжайы<br>• SMTP Port Number: SMTP серверінің порты<br>• SSL/TLS: SSL/TLS мүмкіндігін қосу немесе ажырату.<br>• Sender Authentication: Электрондық хаттарды жіберу кезінде пайдаланылатын аутентификация режимін таңдаңыз<br>– Personal Account / Default Account / Personal (LDAP) Account<br>• Default Account: Әдепкі SMTP тіркелгісі<br>• Password: Әдепкі SMTP тіркелгісіне арналған құпиясөз<br>• Sender Email: Жіберушінің электрондық пошта мекенжайы<br>• Recipient Address: Электрондық хаттарды сәтті жібергеннен кейін электрондық пошта контактілерін басқару үшін опцияларды таңдаңыз.<br>– Auto Save / Do Not Save / Delete All<br>• Local Address Book: Контактілерді USB құрылғысынан импорттаңыз немесе оларды жойыңыз.<br>– Import / Delete<br>Қосымша ақпаратты "Local Address Book контактілерін импорттау" бөлімінен қараңыз. |

## Local Address Book контактілерін импорттау

FLIP Local Address Book контактілер тізімін пайдалану үшін алдымен USB құрылғысының көмегімен контактілерді CSV файлынан Import опциясы арқылы импорттаңыз.

1 Use LDAP: Don't Use параметрін реттеңіз.

㊂ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Құпиясөзді енгізу → LDAP → Set LDAP Connection → Use LDAP → Don't Use

2 Email мәзіріндегі мәліметтерді реттеңіз.

㊂ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Құпиясөзді енгізу → Email

3 Local Address Book контакті тізімін өңдеңіз және USB құрылғысына сақтаңыз.

Контактілер тізімін төмендегі құрылым бойынша жасаңыз және түпкі каталогке RecentSearchList.csv ретінде сақтаңыз.

– RecentSearchList.csv құрылымы (мысал)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| emailid1@samsung.com | Name1 | Level1 | Team1 | Company1 |
| emailid2@samsung.com | Name2 | Level2 | Team2 | Company2 |
| emailid3@samsung.com | Name3 | Level3 | Team3 | Company3 |

4 Контактілерді импорттау үшін USB құрылғысын FLIP файлына қосыңыз.

㊂ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Құпиясөзді енгізу → Email → Local Address Book → Import

- USB ұзартқыш кабелі пайдаланылса, USB құрылғысы мен оның мазмұны дұрыс анықталмауы мүмкін. (USB концентраторларына қолдау көрсетілмейді.)
- Жүктеу барысында USB құрылғысын ажыратпаңыз.
- Егер бірнеше USB құрылғысы қосылған болса, кейбір құрылғылар анықталмауы мүмкін.
- Жоғары жұмыс күшін қажет ететін USB құрылғылары артқы жақтағы USB ⭠ (1.0A) портына қосылуы керек.
- Файл жүйесі FAT, exFAT, және NTFS пішімдеріне қолдау көрсетеді.

## Local Address Book контактілерін пайдалану

EXPORT → EMAIL тармағында қабылдаушы(лар)ды таңдаған кезде, контактілер тізімінен автоматты түрде іздейді және ұсынады.

- Бұл функцияны пайдалану үшін Email мәзіріндегі параметрдің толық мәліметтерін орнатыңыз.

## Local Address Book контактілерін жою

㊂ → SETTINGS → Connect → Advanced Settings → Құпиясөзді енгізу → Email → Local Address Book → Delete

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Advanced Settings | Print Server | Басып шығару функциясын пайдалану үшін, Print Server серверін реттеңіз.<br>✎ Қосымша ақпаратты "Басып шығару" бөлімінен қараңыз.<br>• Connect to Server<br>– Auto: Желіден жүктеп алуға болатын **Flip Printing Software** орнатылған компьютердегі сервердің IP мекенжайларының тізімінен біреуін таңдаңыз.<br>– Manual: **Flip Printing Software** орнатылған компьютердегі Server IP мекенжайын енгізіңіз.<br>• Server IP: **Flip Printing Software** орнатылған компьютердегі Server IP мекенжайын енгізіңіз.<br>• Server Port: **Flip Printing Software** орнатылған компьютердегі Server Port мекенжайын енгізіңіз. |
| | Network Drive | Желілік диск тіркелгілерін қосып, өңдеңіз. Егер желілік дискке қосылу мүмкін болмаса, дербес компьютердегі SAMBA бағдарламалық жасақтамасын оның соңғы нұсқасына жаңартыңыз.<br>• Add Account: Жаңа желілік диск тіркелгілерін қосыңыз. Тек Samba бағдарламалық жасақтамасын желілік дискке қосуға болады.<br>✎ SAMBA 2.0 немесе одан кейінгі нұсқасына қолдау көрсетіледі. Егер желілік дискке қосылу мүмкін болмаса, SAMBA бағдарламалық жасақтамасын оның соңғы нұсқасына жаңартыңыз.<br>✎ Желі дискісінің тіркелгісін тіркеу үшін Address, Username және Password енгізуіңіз керек.<br>– Address: //компьютердің IP мекенжайы/ортақ пайдаланылған қалта атауы<br>✎ Мекенжайды енгізген кезде, ₩ және \ орнына / енгізіңіз.<br>Мысалы, егер IP мекенжайы 12.34.56.789 компьютердегі "sharedfolder" атты қалтаны бөлісетін болсаңыз, мекенжай ретінде "//12.34.56.789/sharedfolder" мәнін енгізіңіз.<br>– Username: ортақ пайдаланылған қалтаға кіру рұқсаты бар Windows тіркелгісі<br>✎ Доменді енгізген кезде, ₩ немесе \ таңбаларын пайдаланыңыз.<br>Мысалы, DomainName₩WindowsAccount<br>– Password: Windows тіркелгісіне арналған құпиясөз<br><br><br>• Edit Account: Желілік диск тіркелгілерін өңдеңіз. |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Advanced Settings | LDAP | LDAP қосылымын орнатыңыз немесе қосылған LDAP сұрауларын конфигурациялаңыз.<br>• Set LDAP Connection<br>Жаңа LDAP қосылымын конфигурациялау.<br>– Use LDAP: LDAP пайдалану қажеттілігі<br>– Import Setup Value: USB жадында сақталған LDAPConnectionConfig.txt файлынан келесі параметрлерді таңдауы мүмкін (Password есепке алынбайды)<br>Қосымша ақпаратты "LDAP пайдалану үшін мәтіндік файлды жасау әдісі" бөлімінен қараңыз.<br>– Authentication Type: LDAP сервері арқылы қолдау көрсетілетін Kerberos, Anonymous немесе Basic протоколы<br>– User ID: LDAP серверінде пайдаланылатын User ID идентификаторының DN(Белгілі атау) параметрі.<br>User ID пішімі LDAP DN пішіміне сәйкес келеді.<br>мысалы cn=admin, dc=myldap, dc=com<br>– Password: LDAP серверінің аутентификациясы үшін пайдаланылатын құпия сөз<br>– Server Address: LDAP серверінің IP немесе URL мекенжайы<br>– Server Port Number: LDAP серверінің порт нөмірі<br>– Base DN: LDAP серверіне қосылу кезінде DIT(Каталогтің ақпараттық тармақты құрылымы) ішінде іздеу үшін пайдаланылатын жоғарғы DN<br>– SSL/TLS: SSL/TLS пайдалану қажеттілігі<br>SSL/TLS параметрі Use күйіне орнатылған кезде, шифрланған дерек байланысы қосылады.<br>– Use Untrusted Certificates: сенімсіз сертификаттарға рұқсат беру/бермеу<br>Аутентификация түрін Kerberos параметріне орнату кезінде келесі мәзір іске қосылады.<br>Kerberos Realm: Kerberos аймақ деректері<br>KDC Host: KDC Host URL<br>KDC Port: KDC Host портының нөмірі |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
| --- | --- | --- |
| Advanced Settings | LDAP | • LDAP Query Configuration<br>Қосылған LDAP үшін сұрау орнату.<br>– UID: LDAP серверінде пайдаланылатын пайдаланушының UID параметрін өзгерту.<br>– Email: LDAP серверінде пайдаланылатын Email параметрін өзгерту.<br>– Name: LDAP серверінде пайдаланылатын пайдаланушы атын (жалпы атын) өзгерту.<br>– Last Name: LDAP серверінде пайдаланылатын пайдаланушының тегін өзгерту.<br>– Position: LDAP серверінде пайдаланылған тақырыпты өзгертіңіз.<br>– Company name: LDAP серверінде пайдаланылатын компания атауын өзгерту.<br>– Department: LDAP серверінде пайдаланылатын бөлімді өзгерту.<br>– Use Custom Query: USB жадында сақталған LDAPQuery.txt файлынан (регистрге тәуелді) пайдаланушы анықтайтын сұрауды таңдайды.<br>Қосымша ақпаратты “LDAP пайдалану үшін мәтіндік файлды жасау әдісі" бөлімінен қараңыз.<br>Параметрлерді зауыттық әдепкі күйге келтіру үшін, Reset түймесін басыңыз.<br>Мэппинг сәйкес келмеген жағдайда, іздеу нәтижесінде ешқандай атрибуттар болмайды. |
| | Server Network Settings | Сервердің желілік қосылымы мен оған қатысты функцияларды орнатады.<br>• Connect to server : MagicInfo серверіне қосылу.<br>• Server Access : MagicInfo серверіне кіруге рұқсат беру немесе тыйым салу.<br>• Proxy Server : Прокси-сервер байланысын және соған қатысты функцияларды орнату. |
| | Certificate Manager | Осы құрылғыға арналған сертификат файлдарын басқару.<br>• App Certificate: Осы құрылғыға орнатылған қолданба сертификаттарын қарап шығу және басқару. Осы құрылғыға сертификаттар орнату үшін, олар жазылған USB флеш-дискісін қосыңыз.<br>• Wi-Fi Certificate: Осы құрылғыға орнатылған сертификаттарды басқарыңыз. Сертификаттарды орнату немесе орнатылған сертификаттарды жою үшін USB флэш-дискісін қосыңыз. |

## LDAP пайдалану үшін мәтіндік файлды жасау әдісі

LDAP конфигурациясы негізінде көптеген ұзын сөйлемдерден тұрады.

LDAP қосылымының барысында, емле қателеріне жол бермеу және топтық реттеуді жасау үшін, FLIP параметрін мәтіндік файл арқылы таңдауға болады.

Файл атауы мен мазмұнын дұрыс жұмыс үшін регистрге тәуелді түрде енгізу қажет.

- LDAPConnectionConfig.txt пішімі

  (1) Мәтіндік файлдың мысалы

  User ID=cn=Manager, dc=example, dc=com

  Server Address=123.456.789.012

  Server Port Number=12345

  Base DN=dc=samsung, dc=example, dc=com

  SSL/TLS=Don't Use

  Use Untrusted Certificates=Don't Use

  Authentication Type=Basic

  Kerberos Realm=MYLDAP.COM

  KDC Host=krb1.myldap.com

  KDC Port=88

  (2) Әр кілт үшін мәндерді (VAL) үлестіру

  User ID: User ID енгізіңіз.

  Server Address: LDAP серверінің IP немесе URL мекенжайын енгізіңіз.

  Server Port Number: LDAP серверінің Port параметрін енгізіңіз.

  SSL/TLS: Use немесе Don't Use енгізіңіз.

  Use Untrusted Certificates: Use немесе Don't Use енгізіңіз.

  Authentication Type: Basic немесе Anonymous енгізіңіз.

  – Kerberos түріндегі тексеруді таңдасаңыз, төмендегі үш элемент қосылады.

  Kerberos Realm: Kerberos өрісін толтырыңыз (мысалы: MYLDAP.LDAP)

  KDC Host: KDC Host URL енгізіңіз (мысалы: krb1.myldap.com)

  KDC Port: KDC Host Port енгізіңіз (мысалы: 88)

  Kerberos түріндегі тексеруді пайдалануды таңдасаңыз, DN(Distinguished Name) пішіміндегі User ID орнына User ID арналған түпнұсқа Kerberos User ID параметрін пайдаланыңыз. (мысалы: Mirko)

- LDAPQuery.txt пішімі

  (1) Мәтіндік файлдың мысалы

  UID=uid

  Email=mail

  Name=cn

  Last Name=sn

  Position=title

  Company Name=o

  Department=departmentNumber

  Query=(|(mail=*<A>*)(cn=*<A>*))

(2) Әр кілт үшін мәндерді (VAL) үлестіру

1) Көрсетілетін бөлшек (соңғы тізімді қоспағанда, барлық тізімдер)

– UID, Email, Name, Last Name, Position, Company name және Department ретімен соңғы тізімді қоспағанда, барлық тізімдерді қамтиды.

– Мәндер келесі жолмен көрсетіледі.

"=" синтаксисінің сол жағында LDAP Query Configuration мәзірінде көрсетілетін (сондай-ақ сол жағында) және "=" сол жағындағы мәндермен салыстырылатын мәндер (нақты LDAP серверінің атрибуттары).

– Мәндерді өзгерту үшін атрибуттарды таңдауға болады. Мысалы, оң жақтағы мәндерді сол жақтағы мәндерді өзгертпестен өзгертуге болады.

2) Query бөлігі

– <A> – Search үшін пайдаланылатын Keyword.

– Use Custom Query синтаксисі LDAP Query ережесіне сәйкес келеді (<A> есепке алмағанда).

Мысалы, <A> кілтсөзі mail немесе cn атрибутына қосылғанда, оны келесідей жасауға болады.

Query=(|(mail=*<A>*)(cn=*<A>*))

# System

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
| --- | --- | --- |
| Language | | Language параметрлерін өзгертіңіз. |
| Rolls | Auto Save | Барлық деректерді автоматты түрде сақтайды. |
| | Delete All | Құрылғыдағы барлық деректерді, соның ішінде құлыпталған деректерді де жою үшін қолданылады. |
| | Period for Delete All | Ішкі жадтағы деректердің барлығы жүйелі түрде жойылып тұруы үшін, қалпына келтіру уақытының аралығын орнатыңыз. |
| Time | | Түрлі уақытқа қатысты баптауларды конфигурацияланыз. |
| | Clock Set | Ағымдағы күн мен уақытты орнатыңыз. |
| | DST | Сағатты жазғы уақыт параметріне орнатыңыз.<br>Start Date, End Date және Time Offset тек DST On орнатылған кезде ғана қосылады. |
| Smart Security | | Көрсету құрылғыңызды және жалғанған жад құрылғыңызды вирустардан қорғау үшін қамтамасыз етілген қауіпсіздік. |
| | Scan | Көрсету құрылғыңызды және жалғанған жад құрылғысын вирустарға қарсы тексеріңіз. |
| | Isolated List | Вирустары бар деп оқшауланған элементтердің тізімін тексеріңіз. |
| Change PIN | | 6-сандық жеке сәйкестендіру нөміріңізді (PIN) өзгертіңіз.<br>Әдепкі PIN коды — 000000.<br>Құрылғыңыздың қауіпсіздігін сақтау үшін PIN кодын өзгертіңіз. |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Device Name | | Құрылғы атауын енгізіңіз.<br>Бұл атауды желі арқылы пайдаланылып жатқан құрылғыдан таба аласыз. |
| Tap to turn on | | Қосу немесе өшіру үшін түртіңіз. Экранды бір рет түрту арқылы қосуға мүмкіндік береді. |
| Sound Output | | Дыбыстық шығыс үшін динамиктер таңдаңыз.<br>• Flip Speaker / Audio Out / Screen Share (Wired) |
| Sound Feedback | | Мәзір немесе опция таңдалғанда дыбысты ойнату. |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Advanced Settings | | USB Lock және Network Lock қамтитын кеңейтілген параметрлерді конфигурациялаңыз.<br>6-таңбалы PIN нөмірін енгізіңіз. Әдепкі PIN коды — «000000».<br>✎ Егер PIN нөмірін өзгерту қажет болса, Change PIN функциясын пайдаланыңыз.<br>✎ Құрылғыңыздың қауіпсіздігін сақтау үшін PIN кодын өзгертіңіз. |
| | Screen Saver | Экран сақтағышты орнатыңыз. Таңдалған кескінді пайдаланушының экран сақтағышы ретінде пайдалануға болады. |
| | Touch Control Lock | Touch Control Lock іске қосыңыз.<br>✎ Touch Control Lock құлпынан босату үшін экранды басып тұрыңыз. |
| | USB Lock | USB Lock параметрін реттеңіз. Реттеп болғаннан кейін, құрылғы параметрлерді қолдану үшін өшіп, қайта іске қосылады.<br>• Off / Read-only / All On |
| | Network Lock | Network Lock параметрін реттеңіз. |
| | Auto Power Off | Пайдаланушымен өзара әрекеттесу анықталмағаннан кейін дисплейді өшіргенге дейінгі қосулы тұру уақытын таңдайды. |
| | PC module power | Қуат қосулы немесе өшірулі кезде OPS Power функциясымен синхрондау үшін қосылады немесе өшіріледі.<br>✎ WM85R үлгісі ғана.<br>• Synced power-on: Айналдыру режимі қосылған кезде, ДК модулі де автоматты түрде қосылады.<br>• Synced power-off: Айналдыру режимі өшірілген кезде, ДК модулі де автоматты түрде өшіріледі. |
| | No Signal/No Interaction Power Off | Ешбір көзден сигналдар/сенсорлық өзара әрекеттесу келмеген кезде құрылғыны өшіріп, қуатты үнемдеңіз. |
| | Remote Standby | Remote Standby функциясын қосыңыз немесе өшіріңіз. Бұл мүмкіндікті белсендіру арқылы желілік қосылым құрылғы өшірілген кезде сақталады. |
| | PIP Capture | "PIP түсіру" функциясын қосады немесе өшіреді.<br>✎ Егер PIP Capture функциясы On күйіне орнатылған болса, HDCP мазмұндары экранда көрсетілмейді. |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Advanced Settings | Power on Source Setting | Қуатты қосқан кезде әдепкі көзді орнатыңыз. Мұны орнату арқылы, қуат қосылған кезде тізім немесе бастапқы көз іске қосылады. |
| | Auto Source Switching | Auto Source Switching опциясын орнатыңыз. Бұл мүмкіндікті белсендіру арқылы жаңадан қосылған көздер автоматты түрде көрсетіледі. |
| | PIP Screen Default Size | PIP экраны үшін әдепкі өлшемді орнатыңыз.<br>• Full Screen / Partial Screen |
| | Clone Product | Осы құрылғы параметрлерін экспорттау немесе басқа құрылғылардан импорттау. |
| | Self Diagnosis | Өзіндік диагностика функциясын электрондық хаттар, LDAP немесе басып шығару сервері бойынша іске қосыңыз. Өзіндік диагностика функциясын іске қосу үшін, USB жад құрылғысы жалғануы керек.<br>Өзіндік диагностика бойынша толық есепті, соның ішінде электрондық пошталар туралы ақпаратты, LDAP, басып шығару серверлерін және басқа да құрылғыға, USB құрылғысына сақталған ақпаратты жүктеп алуға болады. |
| | Start Setup | Осы өнімді бірінші рет пайдаланғанда орындаған бастапқы орнату қадамдарын қайталаңыз. |

# Picture

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Backlight | | Артқы жарықтың жарықтық деңгейін қажетінше реттеңіз. 100 — ең жарық параметр. |
| Colour Temperature | | Түс температурасын орнатады. Мән мен температура бір уақытта артады, сондықтан көк түс арақатынасы өседі.<br>(Ауқым: 2800K - 16000K) |
| White Balance | R-Gain / G-Gain / B-Gain / R-Offset / G-Offset / B-Offset / Reset | Ақ заттар ашығырақ көрінуі үшін суреттің түс температурасын реттеңіз. |
| Input Signal Plus | | HDMI қосылымдары үшін кіріс сигналының ауқымын ұзартады. |

- Input Signal Plus кеңейтімі On күйіне орнатылған, жиілігі 3840 x 2160 @ 60 Гц-ке дейінгі ажыратымдылыққа қолдау көрсетеді.
  Input Signal Plus кеңейтімі Off күйіне орнатылған, жиілігі 3840 x 2160 @ 30 Гц-ке дейінгі ажыратымдылыққа қолдау көрсетеді.

## UHD кіріс сигналдары үшін қолданылатын ажыратымдылықтар

UHD кіріс сигналдарын қабылдау үшін қолдау көрсетілетін ажыратымдылықты тексеріңіз.

- Ажыратымдылығы: 3840 x 2160p, 4096 x 2160p

Input Signal Plus режимі Off параметріне орнатылған болса

| Кадр алмасу жиілігі (fps) | Түс терендігі / Түстің реңкі | RGB 4:4:4 | YCbCr 4:4:4 | YCbCr 4:2:2 | YCbCr 4:2:0 |
|---|---|---|---|---|---|
| 50 / 60 | 8 бит | - | - | - | O |

Input Signal Plus режимі On параметріне орнатылған болса

| Кадр алмасу жиілігі (fps) | Түс терендігі / Түстің реңкі | RGB 4:4:4 | YCbCr 4:4:4 | YCbCr 4:2:2 | YCbCr 4:2:0 |
|---|---|---|---|---|---|
| 50 / 60 | 8 бит | O | O | O | O |
| | 10 бит | - | - | O | O |
| | 12 бит | - | - | O | O |

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
| --- | --- | --- |
| HDMI Black Level | | HDMI суретінің жарықтығы мен контрастылығын оңтайландыру үшін, қара түс деңгейін реттейді.<br>Бұл функция құрылғы HDMI кабелі арқылы дербес компьютерге қосылған кезде және бастапқы терезе іске қосылғанда ғана қолжетімді болады. |
| Screen Share (Wired) Resolution | | Экранды іске қосқан кезде ажыратымдылықты орнату (сымды).<br>• Auto / FHD / UHD |
| Reset Picture | | Барлық сурет параметрлерін әдепкі зауыттық параметрлерге қалпына келтіреді. |

# Support

| 2-ші | 3-ші | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Software Update | | Өнімде орнатылған бағдарламалық жасақтаманы жаңартады. |
| | Update now | Жаңарту файлдарын жүктеп алу арқылы бағдарламалық жасақтаманы жаңартады.<br>– Онлайн жаңарту<br>Интернет қосылымын қажет етеді.<br>– USB құрылғысымен жаңарту<br>Жаңарту файлын Samsung веб-сайтынан жүктеп алып, оны USB құрылғысында сақтағаннан кейін, USB құрылғысын жаңарту үшін құрылғыға қосыңыз.<br>Жаңарту файлын жоғары деңгейлі қалтада сақтағаныңызға көз жеткізіңіз.<br>• Current Version: Бұл бағдарламалық нұсқа өнімде бұрыннан орнатылған. |
| | Auto update | Құрылғы өшірілгенде бағдарламалық құрал жаңартуларын автоматты түрде қосыңыз.<br>Интернет қосылымын қажет етеді. |
| Terms & Conditions | | Terms & Conditions, құпиялылық саясатын көруге болады. |
| Contact Samsung | | Құрылғыға қатысты көмек алуға арналған байланыс ақпараты.<br>Contact Samsung өтіп, Model Code және Software Version өнімін табыңыз. |
| Reset All | | Ол жалпы мәзірдегі барлық элементтерді қалпына келтіреді. |

# 07-тарау
# Ақаулықтарды жою нұсқаулығы

## Мәселелер мен шешімдер

✎ Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына қоңырау соқпас бұрын, өнімді төмендегідей тексеріңіз. Егер ақаулық қайталана берсе, Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

✎ Өнімнің түймелерін басқарып жатқан кезде, өнім қосулы немесе өшірулі болса, оны Samsung қашықтан басқару құралы немесе Samsung қашықтан басқару қолданбасы арқылы іске қосып немесе өшіре аласыз.

| Бастапқы көз терезесі (HDMI) | |
|---|---|
| **HDMI кабелі мониторға немесе дербес компьютерге қосылған кезде экранның барлық төрт жағында бос орындар табылады.** | Экранда табылған бос орындар мониторға еш әсер етпейді. |
| | Экрандағы бос орындар дербес компьютер немесе графикалық картаға байланысты болады. Ақаулықты шешу үшін графикалық картаның HDMI параметрлеріндегі экран өлшемін реттеңіз. |
| | Егер графикалық карта параметрлері мәзірінде экран өлшемін реттейтін опция болмаса, графикалық картаның драйверін соңғы нұсқамен жаңартыңыз.<br>(Экран параметрлерін қалай реттеу керектігі туралы мәліметтер алу үшін графикалық карта немесе компьютер өндірушісіне хабарласыңыз.) |
| **Экрандағы бейнелер бұрмаланып көрінеді.** | Жалғанған кабельді тексеріңіз. Samsung тарапынан берілмеген кабельді пайдаланған жағдайда, үйлесімділікке кепілдік берілмейді. |
| **Экран анық емес. Экран бұлыңғыр.** | Ажыратымдылық пен жиілікті ұсынылған деңгейде орнатыңыз. |
| **Экран тұрақсыз және орнықсыз көрінеді.** | Дербес компьютер мен бейне картаның ажыратымдылығы мен жиілігі құрылғымен үйлесімді ауқымда орнатылғанын тексеріңіз. Содан кейін қажет болса, "Реттеу режимдерін алдын ала орнату" бөліміне қарап экран параметрлерін өзгертіңіз. |
| **Экранда көлеңкелер мен қалдық бейнелер қалды.** | |

| Бастапқы көз терезесі (HDMI) | |
| --- | --- |
| Ақ түс шынымен ақ түс сияқты көрінбейді. | Picture бөліміне өтіп, White Balance параметрлерін реттеңіз. |
| Өнім автоматты түрде өшіріледі. | Қуат кабелінің өнімге және қуат розеткасына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. |
| Экран дисплейі қалыпты емес. | Кодталған бейне мазмұны спорттағы немесе әсерлі бейнедегідей жылдам қозғалатын нысандары бар сценаларда зақымдалған етіп көрсетілуі мүмкін. |
| | Төмен сигнал деңгейі немесе төмен бейне сапасы дисплейдің зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл өнімнің ақаулығын білдірмейді. |
| | Радиусы бір метр қашықтықтағы мобильді құрылғы аналогты және сандық құрылғыларда статикалық кедергілер тудыруы мүмкін. |
| Жарықтығы мен түсі қалыпты емес. | Экранды қалпына келтіру үшін, мәзірден ☰ → SETTINGS → Support → Reset All опциясын таңдаңыз. |
| Дисплей тұрақсыз, сондықтан тоқтайды. | Ұсынылған шешімнен басқа шешім пайдаланылғанда немесе сигнал тұрақсыз болғанда экран тоқтап қалады. Бұл ақауды жою үшін компьютер шешімін ұсынылған шешімге өзгертіңіз. |
| Экранды толық экранда көрсету мүмкін емес. | Егер портреттік бағдарда тұрғанда бастапқы терезе толық экран режиміне орнатылса, жоғарғы және төменгі жағында қара жолақ пайда болады.<br>Альбомдық бағдарға өзгертіп, содан кейін бастапқы терезені толық экран режиміне ауыстырыңыз. |

| Дыбыс мәселесі | |
|---|---|
| Дыбыс жоқ. | Дыбыс деңгейін тексеріңіз. |
| Дыбыс деңгейі тым төмен. | Дыбыс деңгейін реттеңіз. |
| | Егер дыбыс деңгейі ең жоғары деңгейге орнатқаннан кейін де төмен болса, дербес компьютердің дыбыс картасын немесе бағдарламасын реттеңіз. |
| Бейне қол жетімді, бірақ дыбысы жоқ. | HDMI немесе DP кабелі жалғанса, компьютердегі дыбыс шығару параметрлерін тексеріңіз. |
| | Бастапқы құрылғы пайдаланылса<br>• Бастапқы құрылғының дыбыс шығару параметрлерін тексеріңіз.<br>(Мысалы, монитор HDMI коннекторына қосылған болса, видео шығысы құрылғысындағы аудио опциясын HDMI кабеліне жалғауыңыз қажет болуы мүмкін.) |
| | Қуат кабелін құрылғыға қайта жалғаңыз, содан соң құрылғыны қайта іске қосыңыз. |
| Динамиктен дыбысы нашарлауда. | Төмен сигнал дыбыстың зақымдануына әкеліп соғуы мүмкін. |
| Дыбыс өшірілгенде дыбыс естіледі. | Негізгі динамиктің дыбыс параметрлері өнімдегі ішкі динамиктен бөлек.<br>Өнімнің дыбыс деңгейін өзгерту немесе дыбысын өшіру сыртқы зорайтқышқа(декодер) әсер етпейді. |

| Сенсорлы функция ақаулары | |
|---|---|
| Белгішелерді түртуге болады, бірақ сызбаларды түрту мүмкін емес. | Өніммен бірге берілген қаламды пайдаланыңыз. |
| HDMI қосулы кезде түрту мүмкіндігі жұмыс істемейді. | Құрылғыдағы TOUCH OUT порты компьютердегі USB портына берілген USB кабелі арқылы қосылуын тексеріңіз.<br>• WM55R / WM65R<br>Құрылғының артқы жағындағы HDMI IN 1 немесе HDMI IN 2 → TOUCH OUT порты<br>Науадағы HDMI IN 3 → TOUCH OUT порты<br>• WM85R<br>Құрылғының артқы жағындағы HDMI IN 1 немесе DP IN → TOUCH OUT порты<br>Науадағы HDMI IN 2 → TOUCH OUT порты |
| Мен екі стилус пайдаланамын, бірақ олар дұрыс жұмыс істемейді. | Бірнеше рет түрткен кезде екі стилус арасында жеткілікті бос орын бар екендігіне көз жеткізіңіз. |
| Баяу немесе бұрыс жауап беру сияқты сенсорлы экран ақаулығы бар. | Экран бетінде бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз. |
| | Экранның сынған жерлері бар-жоғын тексеріңіз. |
| | Өнімнің тікелей күн сәулесіне ұшырамауын қадағалаңыз. |
| | Өнім өшіргеннен кейін қосылған кезде экранды түртпеңіз, себебі сенсорлы тексеру 5 секунд ішінде орындалады. |

| Басқа ақау | |
|---|---|
| **Өнімнен пластмассаның иісі шығады.** | Пластмасса иісінің шығуы қалыпты жағдай және біршама уақыттан кейін кетеді. |
| **Кішкентай бөліктері өнімнің жиектерінде табылады.** | Бөлшектер өнім дизайнының бөлігі. Өнімде ақау жоқ. |
| **Компьютер шешімін өзгертуге талпынғанда "**The defined resolution is not supported.**" хабары пайда болады.** | Кіріс көзінің ажыратымдылығы өнімнің максималды ажыратымдылғынан асып кетсе, "The defined resolution is not supported." хабары пайда болады.<br>Бұл мәселені шешу үшін, компьютер ажыратымдылығын өнімде қолдау көрсетілетін ажыратымдылыққа өзгертіңіз. |
| **DVI-HDMI кабелі қосулы кезде HDMI режиміндегі динамиктен дыбыс шықпайды.** | DVI кабельдері дыбыс деректерін тасымалдамайды. |
| HDMI Black Level **функциясы YCbCr шығысы бар HDMI құрылғысында дұрыс жұмыс істемейді.** | Бұл функция сыртқы құрылғының HDMI сигналы RGB шығысы болғанда ғана жұмыс істейді. |
| **HDMI режимінде дыбыс жоқ.** | Көрсетілген сурет түстері қалыпты болып көрінбеуі мүмкін. Бейне немесе дыбыс қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл жағдай HDMI стандартының ескі нұсқасына ғана қолдау көрсететін бастапқы құрылғы өнімге жалғанса орын алуы мүмкін. |

# 08-тарау
# Техникалық сипаттамалары

## Жалпы

| Үлгі атауы | | WM55R | WM65R | WM85R |
|---|---|---|---|---|
| Тақта | Өлшемі | 55-класс (54,6 дюйм / 138,7 см) | 65-класс (64,5 дюйм / 163,9 см) | 85-класс (84,5 дюйм / 214,7 см) |
| | Дисплей аумағы | 1209,6 мм (К) x 680,4 мм (Т) | 1428,48 мм (К) x 803,52 мм (Т) | 1872,0 мм (К) x 1053,0 мм (Т) |
| Қуат тұтынуы | | 140 Вт | 165 Вт | 400 Вт |
| Синхрондау (Панель спецификациясы) | Көлденең жиілік | 30 – 81 кГц | | |
| | Тік жиілік | 48 – 75 Гц | | |
| Ажыратымдылығы | Оңтайлы ажыратымдылық | 3840 x 2160 | | |
| | Ең жоғары ажыратымдылық | | | |
| Қуат көзі | | Айнымалы тоқ 100-240В~ 50/60Гц<br>Стандартты кернеу әрбір елде әртүрлі болуы мүмкін болғандықтан құрылғының артқы жағындағы белгіні қараңыз. | | |
| Экологиялық түсініктер | Жұмыс істеуі | Температура : 0 °C – 40 °C (32 °F – 104 °F)<br>* Корпусты орнату үшін, ішкі температураны 40 °C не одан төмен деңгейде сақтаңыз.<br>Ылғалдылық : 10% – 80%, конденсация-жоқ | | |
| | Сақтау | Температура : -20 °C – 45 °C (-4 °F – 113 °F)<br>Ылғалдылық : 5% – 95%, конденсация-жоқ<br>* Өнім қаптамасы ашылғанға дейін қолданылады. | | |

Көлденең жиілік
Экранның сол жағынан оң жағына қарай бір сызықты сканерлеуге қажетті уақыт жол айналымы деп аталады. Жол айналымының кері саны жол жиілігі деп аталады. Жол жиілігі кГц бірлігімен өлшенеді.

Тік жиілік
Көрушінің нені көргенін көрсету үшін монитор бір суретті секундына (флюоресцентті шам сияқты) бірнеше рет көрсетеді. Секундына бірнеше рет көрсетілген бір бейненің жиілігі кадр жиілігі немесе жаңарту жиілігі деп аталады. Кадр жиілігі Гц бірлігімен өлшенеді.

- Осы бұйымды өндіру ерекшелігіне байланысты, шамамен миллионға 1 пиксел (м1п) тақтада ашықтау немесе күңгірттеу болып көрінуі мүмкін. Бұл құрылғының қалыпты жұмыс істеуіне әсер етпейді.
- Панельдің ерекшелігіне байланысты оңтайлы сурет сапасын алу үшін бұл құрылғы әрбір экран өлшемі үшін тек бір ажыратымдылыққа орнатылады. Көрсетілген ажыратымдылықтан басқа ажыратымдылық қолдану сурет сапасын нашарлатуы мүмкін. Оны болдырмау үшін мониторыңызға көрсетілген оңтайлы ажыратымдылықты таңдау ұсынылады.
- Құрылғының толық сипаттамаларын Samsung веб-сайтынан көре аласыз.

# Алдын ала орнатылған уақыт режимдері

Төмендегі стандартты сигнал режиміне жататын сигнал дербес компьютеріңізден берілсе, экран автоматты түрде реттеледі. Егер компьютерден келетін сигналдар стандартты режимнен өзгешеленсе, экран көрсетілмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда, бейне картаның пайдаланушы нұсқаулығына қарап, параметрлерді төмендегі кестеде көрсетілгендей өзгертіңіз.

| Ажыратымдылығы | Көлденең жиілік (кГц) | Тік жиілік (Гц) | Пикселді сағат (МГц) | Қадамдастыру полярлығы (К/Т) | Порт |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | HDMI IN |
| IBM, 720 x 400 | 31,469 | 70,087 | 28,322 | -/+ | O |
| MAC, 640 x 480 | 35,000 | 66,667 | 30,240 | -/- | O |
| MAC, 832 x 624 | 49,726 | 74,551 | 57,284 | -/- | O |
| MAC, 1152 x 870 | 68,681 | 75,062 | 100,000 | -/- | O |
| VESA CVT, 3840 x 2160RB | 110,500 | 49,977 | 442,000 | +/- | - |
| VESA CVT, 3840 x 2160RB | 133,313 | 59,997 | 533,250 | +/- | - |
| VESA DMT, 640 x 480 | 31,469 | 59,940 | 25,175 | -/- | O |
| VESA DMT, 640 x 480 | 37,861 | 72,809 | 31,500 | -/- | O |
| VESA DMT, 640 x 480 | 37,500 | 75,000 | 31,500 | -/- | O |
| VESA DMT, 800 x 600 | 37,879 | 60,317 | 40,000 | +/+ | O |
| VESA DMT, 800 x 600 | 48,077 | 72,188 | 50,000 | +/+ | O |
| VESA DMT, 800 x 600 | 46,875 | 75,000 | 49,500 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1024 x 768 | 48,363 | 60,004 | 65,000 | -/- | O |
| VESA DMT, 1024 x 768 | 56,476 | 70,069 | 75,000 | -/- | O |
| VESA DMT, 1024 x 768 | 60,023 | 75,029 | 78,750 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1152 x 864 | 67,500 | 75,000 | 108,000 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1280 x 720 | 45,000 | 60,000 | 74,250 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1280 x 800 | 49,702 | 59,810 | 83,500 | -/+ | O |
| VESA DMT, 1280 x 1024 | 63,981 | 60,020 | 108,000 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1280 x 1024 | 79,976 | 75,025 | 135,000 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1366 x 768 | 47,712 | 59,790 | 85,500 | +/+ | O |

| Ажыратымдылығы | Көлденең жиілік (кГц) | Тік жиілік (Гц) | Пикселді сағат (МГц) | Қадамдастыру полярлығы (К/Т) | Порт |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | HDMI IN |
| VESA DMT, 1440 x 900 | 55,935 | 59,887 | 106,500 | -/+ | O |
| VESA DMT, 1600 x 900RB | 60,000 | 60,000 | 108,000 | +/+ | O |
| VESA DMT, 1680 x 1050 | 65,290 | 59,954 | 146,250 | -/+ | O |
| VESA DMT, 1920 x 1080 | 67,500 | 60,000 | 148,500 | +/+ | O |
| VESA DMT, 2560 x 1440RB | 88,787 | 59,951 | 241,500 | +/- | O |
| CTA-861, 720(1440) x 576i | 15,625 | 50,000 | 27,000 | -/- | O |
| CTA-861, 720(1440) x 480i | 15,734 | 59,940 | 27,000 | -/- | O |
| CTA-861, 720 x 576 | 31,250 | 50,000 | 27,000 | -/- | O |
| CTA-861, 720 x 480 | 31,469 | 59,940 | 27,000 | -/- | O |
| CTA-861, 1280 x 720 | 37,500 | 50,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1280 x 720 | 45,000 | 60,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080i | 28,125 | 50,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080i | 33,750 | 60,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080 | 27,000 | 24,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080 | 28,125 | 25,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080 | 33,750 | 30,000 | 74,250 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080 | 56,250 | 50,000 | 148,500 | +/+ | O |
| CTA-861, 1920 x 1080 | 67,500 | 60,000 | 148,500 | +/+ | O |
| CTA-861, 3840 x 2160 | 54,000 | 24,000 | 297,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 3840 x 2160 | 56,250 | 25,000 | 297,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 3840 x 2160 | 67,500 | 30,000 | 297,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 3840 x 2160 | 112,500 | 50,000 | 594,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 3840 x 2160 | 135,000 | 60,000 | 594,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 4096 x 2160 | 54,000 | 24,000 | 297,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 4096 x 2160 | 67,500 | 30,000 | 297,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 4096 x 2160 | 112,500 | 50,000 | 594,000 | +/+ | O |
| CTA-861, 4096 x 2160 | 135,000 | 60,000 | 594,000 | +/+ | O |

# 09-тарау
# Қосымша

## Төлем қызметінің міндеттері (Тұтынушыларға арналған баға)

Қызмет сұралғанда, кепілдемелерге қарамастан, техникалық маманның қызмет көрсеткені үшін келесі жағдайларда төлем алынады.

### Өнім ақауы емес

Бұйымды тазалау, жөндеу, түсіндіру, қайта орнату және т.б.

- Техникалық маманнан бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулар беру сұралса немесе бұйымды жинамастан параметрлерді реттеп ғана койса.
- Ақау сыртқы қоршаған ортаның факторлары әсерінен болса (Интернет, антенна, сымды қосылған сигнал, т.б.)
- Өнім қайта орнатылған немесе құрылғылар сатып алынған бұйым бірінші рет орнатылғаннан кейін қосылған болса.
- Өнім әр түрлі нүктеге жылжыту немесе әр түрлі үйге жылжыту үшін қайта орнатылған болса.
- Тұтынушы басқа компанияның өнімін қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды сұраса.
- Тұтынушы желіні немесе басқа компанияның бағдарламасын қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды сұраса.
- Тұтынушы өнімге арналған бағдарламалық құралдың орнатылуын және реттеуін сұраса.
- Техникалық маман өнім ішіндегі шаңды немесе бөтен материалдарды тазаласа/алып тастаса.
- Тұтынушы өнімді үйде отырып немесе онлайн режимде сатып алған соң қосымша орнатуды сұраса.

### Өнім зақымдануы тұтынушы қатесі нәтижесінде болса

Өнім зақымдануы тұтынушының дұрыс қолданбауы немесе дұрыс жөндемеуі нәтижесінде болса.

Өнім зақымдануы келесі нәтижелерде туындаса;

- Сыртқы соққы немесе құлатып алу.
- Samsung компаниясымен көрсетілмеген құралдарды немесе бөлек сатылған өнімді қолдану.
- Қызмет компаниясымен немесе Samsung Electronics Co., Ltd. серіктесімен жіберілетін инженерден бөлек адам жөндесе.
- Тұтынушы өнімді қайта модельдесе немесе жөндесе.
- Оны дұрыс емес кернеумен немесе рұқсат етілмеген электр қосылымдарымен қолдану.
- «Пайдаланушы нұсқаулығы» ішінде берілген «сақтандыру» шараларын орындамаған кезде.

### Басқалар

- Өнім ақаулары табиғи апаттар әсерінен болса. (найзағай, өрт, зілзала, су тасқыны, т.б.)
- Қолдану материалдары қолданыстан шықса. (Батарея, тонер, флуоресцентті жарық, басы, вибратор, шам, сүзгі, таспа, т.б.)

Тұтынушы өнімде ешқандай ақау болмаса да қызмет көрсетілуін сұраса, қызмет үшін төлем алынады. Сондықтан ең алдымен Пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.

# Қалдық бейненің экранды қалуын болдырмау

## Қалдық бейненің экранда қалуы деген не?

Панель қалыпты жұмыс істеп тұрған кезде қалдық бейне қалмауы тиіс. Құрылғының қалыпты жұмыс істеуі бейне кескіннің үздіксіз өзгеруін қарайды. Егер панель қатып қалған бейнені ұзақ уақыт бойы көрсетсе, сұйық кристалды басқаратын нүктелердегі электродтар арасындағы аздаған кернеу айырмашылығы пайда болуы мүмкін.

Электродтар арасындағы ондай кернеу айырмашылығы уақыт өткен сайын көтеріледі және сұйық кристалдарды жұқартады. Осы пайда болса, бейне өзгерген кезде алдыңғы бейне экранда қалып қоюы мүмкін.

Бұл ақпарат қалдық бейненің алдын алу бойынша нұсқаулық болып табылады. Қатып қалған экран ұзақ уақыт бойы көрсетілген жағдайда қалдық бейне пайда болуы мүмкін. Бұл мәселе кепілдік аясына кірмейді.

## Ұсынылатын алдын алу шаралары

Қатып қалған экран ұзақ уақыт бойы көрсетілген жағдайда қалдық бейне немесе дақтар пайда болуы мүмкін. Құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда өшіріңіз, Қуат үнемдеу режимін іске қосыңыз немесе жылжымалы экран қорғауышын қосыңыз.

# Лицензия

The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.

Бағдарламаның ашық лицензиясы туралы құлақтандыру

Ашық лицензияға ие бағдарламалық жасақтаманы қолдансаңыз, өнім мәзірінен Ашық лицензияны таба аласыз. Лицензия туралы ескерім тек ағылшын тілінде ғана жазылған.

Ашық лицензия ескерімі туралы қосымша ақпарат алу үшін Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе oss.request@samsung.com мекенжайына электрондық хат жіберіңіз.